

КНИЖКА

Пионер (разд.)

1958.

1-12.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 4
АПРЕЛЬ
1968 ж.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл

ИЛЬИЧ пен



БАЛАЛАР

Балалар, осы апрельдің 22-сі — Владимир Ильичтің туған күні екенін сендер білесіңдер. Дүние жүзі пролетариатының кемеңгер көсемі, Совет Одағы Коммунистік партиясының ұйымдастырушысы және оның негізін салушы Владимир Ильич Лениннің тамаша өмірі, оның данышпандық істері үлкенге де, кішіге де үлгі-өнеге.

Ильичтің өмірбаянына көз жүгіртіп қараңдаршы. Кішкентай оқушы кезінің өзінде ол қандай еді?

Илья Николаевичтің балалары өте таттатты болатын да, өзара әскери ойын ойнайтын. Сонда Сашаның армиясы Гарибальди басқарған итальяндықтар болса, Аня мен Оляның армиясы Наполеон Бонапартпен ұрысқан испан атқыштары болатын. Ал, Володянікі — Авраам Линкольн басқарған америкалықтар болушы еді. Володя сол кездің өзінде-ақ күл иеленуші Түстікке қарсы соғысқан Терістіктің құлдарын жақтаушы еді. Американың Оңтүстік Штатындағы негрлерді басқарған Линкольнді және оның революцияшыл генералдары Грант пен Шерманды жақсы көруші еді.

Міне, Володя осылай оқушы кезінің өзінде балалар әдебиетін көп оқып, сол оқығанын өмірге қолдануға тырысатын. Оның, әсіресе, сүйіп оқитын кітабы Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы» деген повесі болды.

Оның осы балалық бал өмірінің өзі балаларға қандай үлгі десеңші. Ал, кейінгі өмірі, ұлы істері дүние жүзі еңбекшілеріне мәңгі өнеге болғаны белгілі.

Ильич балалардың ең жақын досы болды. Мұны біз оның барлық істерінен көреміз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдарда ел жағдайы өте ауыр болды. Халық аштық пен жаланақтыққа, қайыршылыққа ұшырады. Әкелері, туған-туыстары интервенттерге қарсы соғысқа аттанған мыңдаған балалар

панасыз, жетім қалды. Осындай қиыншылық кезде Владимир Ильич балаларды аталық қамқорлыққа алды. Россияның әр түкпірінде балалар үйлері мен колонияларын ұйымдастыруға, панасыз, жетім қалған балаларды соған орналастыруға көмектесті. Ел басына төніп тұрған хауіпке, азық-түліктің тапшылығына қарамастан, Владимир Ильич балалар үшін декрет шығару керектігін айтты. «Бәрі балалар үшін. Балалар — біздің болашағымыз,» — деді. Сөйтіп, 1919 жылы 17 майда Владимир Ильич балаларға тегін тамақ беру жөніндегі декретке қол қойды.

Ол жылдары еліміздің еңбекшілері өздерінің ұлы көсемінен жандарын аяп қалған жоқ. Өздері тарығып отырса да, қолдарына түскен ет болсын, нан болсын, ауыздарынан жырып алып Ленинге жіберетін. Ильичтің атына жан-жақтан тұздаған ет, шұжық, май, нан — бәрі келіп жататын. Сонда Ильич оның бірін де өзі алып қалмайтын, бәрін балаларға жібертетін.

1902 жылдан Коммунистік партияның мүшесі Д. Лазуркина Ленин туралы өзінің естелігінде былай дейді:

«Бір күні мен Надежда Константиновнаға келіп едім, кешкі тамақтарын ішкелі отыр екен. Екеуінің алдында кішкентай екі үзім нан мен екі шағым қант қана жатыр. Содан кейін біз Владимир Ильичтен өз

атына келген посылкалардан аз да болса алып қалсаңызшы деп қаншама өтіндік. Бірақ, ол тіпті көнбей қойды. Ол ешуақытта өзгеден өзін артық санамайтын. Барды-жоқты көпшілікпен бірдей көретін.

Мынадай да бір оқиға болды: Владимир Ильич Кремльде жауапты қызметкерлердің балаларына арнап бақша ашылғанын біліпті. Дереу мені шақырып алып, бұл не қылған бақша деп сұрады. Бірақ, мен оны білмеуші едім, еш жауап бере алмадым.

— Ендеше, әбден қарап тексеріңіз, соған соң маған айтарсыз, — деді.

Мен Ильичтің тапсырмасын орындадым. Бақшада ерекше жағдай жасалған, бәрі молшылық көрінеді, балалар еңбек дағдысына үйретілмейді екен.

Осыны естіп, Ленин бұл бақшаны іле жапқызып тастады. Ондағы балаларды басқа бақшаларға бөліп-бөліп орналастырғызды».

В. И. Лениннің балаларға деген қамқорлықтары жайында талай адамдардың естеліктерінен, сөздерінен мысалдар келтіруге болады.

Ал, Владимир Ильичтің балалармен қалай дос болып, олармен қалай ойнағанын білсеңдер. Мемлекеттік істерден оның өмір бойы қолы босамай өтсе де, ол қашанда болсын, балалармен ойнауға жалығып көрген жоқ.

Балалар Ленинмен қайткен күнде кездесу сәтін іздейтін. Оны көрсе болды, тамам бала оған қарай тұра жүгіретін. Бірі мойнына, бірі арқасына асылып, маз-мәйрәм боп қалатын. Ал, егер Ленин машинамен келе жатса, балаларды қасына отырғызып, Кремль қақпасына дейін алып келетін.

В. И. Ленин балалардың нағыз кішіпейіл, ең жақсы досы еді. Ол, тіпті шетелдерде жүрген кезінің өзінде де балалармен дос болды. Ленин Швейцарияда тұрған кезде көрші үйдегі бір баламен тамаша дос болыпты. Ол сол баламен және оның достарымен кәдімгі құрдасынша ойран-асыр салып ойнайды екен. Бұлардың айкай-шуынан бастары қатқан көршілердің бірі:

— Бұлардың не? — деп сұраса, Ленин:

— Бөгет болмаңызшы, біз ойнап жүрміз ғой, — деп жауап береді екен.

В. И. Лениннің делегаттарды қабылдау жөніндегі бұрынғы хатшысы болған Б. П. Коротков Ильичтің балалармен достығы жайлы қызық әңгімелер жазды.

— Бір күні, — дейді ол, — жексенбі күні еді, Спаскі тауына жиырма шақты бала жиналды. Ішімізде сегіз жасар жас бала да, жиырмаға келіп қалған жігіттер де бар. Үлкен темір шананы сүйретіп, бәріміз таудан төмен қарай зуылдап сырғанап жүрміз. Кенет сол шанамен оқтай ағып келе жатыр ек, бір жақ пұшпақтан бір адам шыға келді. Қазір оны соғып кететін болдық! Осы оймен бәріміздің де зәреміз кетті. Байқасақ, әлгі адам — Ленин. Біз оған қарағандай да болмадық, зу етіп өте шықтық.

Ұялғаннан, не істерге білмей, шанамызды сүйретіп келе жатырмыз. Владимир Ильич бізді бір ағаштың түбінде тұрып қарсы алды. Жаңа біз зулап кел қалғанда, ол сол ағашты тасалап тұра қапты. Бізде үн жоқ. Ұялып тұрмыз. Кенет Владимир Ильич қарқылдап күліп:

— Сіздер қалай қатты тептіңіздер! Мен арттарыңыздан қарап тұрып едім, зәрем кетті! Кенет бір ағашқа барып соқтығып қалар ма екен деп қорықтым! Бір жерлеріңді жаралап алу ол-оңай емес пе? — деді.

— Жолдас Ленин, — дедік біз, — олай десеңіз, біз Сізден қатты қорықтық. Сізді қағып кете жаздадық қой...

Бірақ, Владимир Ильич бұған қарсылық етіп:

— Жоқ, бұл жерде сіздердің еш жазықтарыңыз жоқ. Бұл жерде менің өз аңғырттығым. Мен ештеңеден қаперсіз, байқамай келіп қалдым. Әйтпесе, таудан сырғанақ теуіп жатқандарынды мынау ізден-ақ байқауға болатын еді ғой, — деді.

Соны айтып, ол бізбен бірге шана сүйретіп, бізбен бірге сырғанақ тепті. Сондағы қызықты айтсаңызшы!

Міне, қандай! Осы мысалдардан Владимир Ильичтің кім болғанын, қандайлық ұлы, қандайлық данышпан адам болғанын анық білуге болады. Бұл — нағыз аталық қамқорлық. Дүниежүзі пролетариатының ұлы көсемі, данышпан Лениннің бүкіл адам баласының тағды-



рын, болашағын шешіп отырған кезінде, осыншама қымбат уақытын бөліп балаларға қамқорлық жасауы нағыз кішіпейілдік, адамгершілік емес пе!

Владимир Ильичтен, оның ұлы істерінен үлгі алған қарттар да, жастар да аз емес. Лениннен тәрбие алған қарт коммунистер, революционерлер сендерді ленинше сүйіп, ленинше қамқорлық жасауға тырысады. Биыл Украинада, Днепропетровскі қаласында қарт жұмысшы, 1903 жылдан Коммунистік партияның мүшесі, революционер Альберт Қазимирович Войцеховичтің қайтыс болғаны газетке жарияланды. Ол ауыр науқаста төсек тартып жатып, аудандық партия комитетінің секретарын шақыртып алып, былай деді:

— Менің біраз жинаған ақшам бар. Мен оны өзім үшін жинағам жоқ. Біздің баста-

ған ісімізді алға алып барушы жас ұрпақтар ғой. Сондықтан, менің өз өмірімде еңбектеніп жиған 106 мың сом ақшамды балалар үйлерінің мұқтажына жұмсауға берулеріңізді өтінем.

Оның тілегі орындалды. Войцеховичтің жиған қаржысы Днепропетровскідегі № 4, № 6 балалар үйлеріне берілді.

Міне, коммунист жұмысшының бұл ісі нағыз лениндік игілікті іс. Оның есімін Днепропетровскі балалары ешуақытта ұмытпайды.

Ал, бізде ұлы Лениннен үлгі алған мұндай тамаша адамдар толып жатыр. Владимир Ильичтің бастап берген ұлы істерін Коммунистік партия аброймен жүзеге асыруда. Коммунистік партия — сендердің бақытың, балалар! Оны ленинше сүйіндер!

Матэ Залка

ВЕЛИЧКА МЕН КӨРЕГЕН

Менің әкем өзінің бала күнінен ұзақ жылдар бойы үзбей хат жазысып тұратын ең жақсы досы Величка туралы көп әңгімелеуші еді. Величканың хаты әкемді ылғи көңілдендіріп тастайтын. Ол оның хаттарын оқығанда көзінің айналасындағы тарам-тарам әжімдері сәулеше шоғырланып, өңі күлімсіреп сала беретін.

Менің әкем гимназияны солтүстік Венгрияда бітірген. Атақты Шарошпатак, Левай, Кешмарк гимназиялары Венгер даласындағы балаларды адырлы осы солтүстікке ынтықтыратын да тұратын. Міне, менің әкем мен Величка осы жерде оқыған, жердің шалғайлығы да, көп жылдардың өтуі де шырқын еш бұза алмаған олардың достығы да осында бекіген.

Әкемнің бұл жақсы досының нендей адам екенін мен бұлдыр, шамалы түсінетінмін, тек оның гимназияда бірінші шәкірт болғанын, ал студенттердің сауық-думандарында өзгелерден қалыспағанын білетінмін.

— Егер, ол тектілердің жұрағатынан болса, — деп жиі айтушы еді әкем, — онда ол, бәлкім министр де болып кеткен болар еді.

Бірақ, Величка өмір сатысына онша биік көтеріле алған жоқ. Ол тау арасында жасырынып қалған фабрикалы қала Татрда тұрды. Міне, оның шат көңілді хаттары сол жерден келіп тұрады. Өткен қырық бес жыл ішінде менің әкем Величкамен бір-ақ мәртебе, тек парталас достарының юбилейінде

ұшырасты. Бұл ұшырасудан әкем мен Величка қатар отырып түскен сурет қана сақталған.

... 1915 жылдың июнь айы, жараланғаннан кейін, полкке жүрер алдында мен бірнеше күнге үйге келдім. Тарантастан секіріп түсіп мен жүгіре есік алдына көтерілгенімде, маған құрақұша ұмтылған әкемнің арқасынан қабасақал бейтаныс жанды көрдім. Бейтаныс жан, мені жөргектегі күнімнен білетін адамша, мейірлене, қуана амандасты. Неге екенін білмеймін, мен де әйтеуір мұның кім екенін бірден таныдым да, қабасақалға іркілместен:

— Сіз, Величка ағайсыз ғой. Рас емес пе? — дедім.

— Дәл өзі, ұлым, — деді Величка мені құшып. Оның әдемі, ақшабыр күміс сақалы толқып келіп менің кеудемді жапты. Жайнаған шат, нұрлы көзі маған күлімсірей қарайды. Оның бетажары әжімсіз, ағы — ақ, қызылы — қызыл, жас қыздың ажарындай. Ол венгерше, бір түрлі қызық, словактар акцентімен сөйлейді. Мені бұл адам бірден үйірілтіп баурап әкетті.

Величканы бізге айдап келген — соғыс. Орыс әскері Карпатқа шабуыл жасап, апыр-топыр сасқалақтау басталған кезде, оның есіне ескі досы түсіпті де, сергелдеңнен далада тыным алу үшін бізге тартып отырыпты.



Менің жүрер күнім жақындады. Екі-ақ күн қалды, сонан соң мен тағы да поездға отырамын, сонан соң бір аптадан кейін тағы да полкке барып, тағы да майданға кіремін. Величка ағай да үйіне дайындалды. Орыс әскері әлдеқашан Карпаттың арғы бетіне шегініп кеткен. Горлица түбінде мыңдаған зеңбірек жеңіс дабылын қағып, соғыс Венгрия шекарасынан аулақтай, аулақтай барып Волынь мен Польшаға жуықтаған-ды.

Июньнің майда жел ескен бір рақат күні еді, қолыма қызыл мұқабалы кітапты алып мен бақты қыдырдым. Бұл сүйікті жазушының соғыс жөнінде жазған соңғы шығармасы болатын. Мен кітапқа ынтыға кіріссем де, оның бірінші бетінен-ақ көңілім торыға бастады. Мен бұл жазушыдан не күткен едім? Мен, ол келістіре сынайтын, батырабатыра мінейтін, ең бастысы, шындықты айтатын шығар деп едім. Меніңше, соғысты әшкерелеу үшін ол жөнінде шындықты жазса жеткілікті сияқты тәрізденген. Ал, мен мұнан не көрдім? Бар болғаны батырлық жөнінде ойдан шығарылған бірнеше нәрсіз анекдоттар ғана. Енді, автордан жиіренгендіктен, өнжырғам түсті де қалды. Маған осылай өнжырғам түсіп тұрғанда Величка ағай тап келді.

— Жүруге әзірленіп жүрмісің, батырым? Байқаймын, қабағың салыңқы. Ой, ештеңе емес, ештеңе етпейді, жабырқама. Ұялудың қажеті жоқ. Меніңше, көрерменге балаған

пысықай, арзан ерліксымақтар жаман. Бұл соғыста батырлықтың болуы мүмкін емес. Ол әшейін жексұрын ойдан шығару. Ой балам, бұл — сұрапыл соғыс, оның немен тынары әлі мәлімсіз, бірақ әйтеуір, ақыры сөзсіз жаман болады.

— Тағы не болмақ, мұның үстіне? — деп парықсыз сұрадым мен. — Величка ағай-ау, сіз, осы соғыстан біз жеңіп шықпаймыз деген ойға шындап-ақ бармақсыз ба?

Величка ағай құптамай басын шайқады. Оның қаба сақалы теңізше толқыды.

— Тыңда, бала, мен саған бірдеңе айтпайын. Былтыр, июньнің бас шенінде, соғыс туралы әлі ешкім ештеңе де ойламаған кезде, тау ішінде мен бір адаммен кездескенмін, міне сол адам маған осы оқиғалардың бәрін кітаптың сөзіндей ғып тұрып, алыстан айқын болжағыш көрегендікпен айтты берген.

— Величка ағай, әлде сізге тап болған Бельскийдің өйгілі раввины (еврейдің молдасы) ма екен? — деп сұрадым мен қағытып.

— Жоқ, ол қиялшыл раввин емес, онан мың есе ақылды адам. Ал, тыңда. Қызымет жөйімен, біздің фабриканың ісімен менің Наричтің арғы бетіндегі Галицияда жиі бо-

луыма тура келді. Кейде бричкамен, кейде поезбен, ал жаз кездерінде, көбінесе, велосипедпен деревнялар мен селоларды кезуіме тура келді. Ай, менің тамаша велосипедім! Ол енді қайда екен? Оны, шамасы, мен жоқта біреу жымқырған-ақ шығар,— деп күрсінді қарт.

— Мен өзімнің велосипедімді жақсы көремін. Оған жүз жетпіс үш крон беріп ем, онымен мыңнан артық километр жол жүрдім де... Солай, сөйтіп, міне мен, Неймаркке бояу алуға барғанмын. Галициялықтар бұл қаланы Новитарг деп атайды. Әдемі жер. Оның жолы тақтайдай тамаша, міне сонан мен үйге велосипедпен салдыртып келіп жүрдім. Июнь айы болатын. Таудан ескен самал, жол сайрап жатыр. Сендер жазықтың адамысыңдар, суреттеп жеткізе алмас бұл ғажапты көзге елестете алмайсыңдар. Мұндай күндерде «қосдөңгелекпен» жүру рақат қой! Капрон мен Надьберкеннің арасында мен жаңбырда қалдым. Ол қандай нәсер десеңші! Сонымен, Капронда асханаға паналауға тура келді. Зал бос екен, мен шприццер мен қуырған жұмыртқа беріңіз деп, велосипедімді қабырғаға сүйедім де, терезеге көз салдым. Жол бойында жан жоқ. Надьберкеннен бір велосипедші көріне бастаған кезде жаңбыр шелектеп құйды. Ол асыға құйғытып келеді, тәрізі жер жайын жақсы білетін сияқты, беті тура асханада. Маған қуырған жұмыртқаны әкеп үлгермей-ақ, есік жалт ашылды да, велосипедші өзінің машинасымен қоса залға кіріп келді. Ол құрақұша амандасып, кепкасын алды да, тамшылап тұрған суын сілікті. Бұл — дембелше, әлуетті адам екен. Менің көзіме, бәрінен бұрын, оның қасқиған, жоталы, үлкен маңдайы түсті. Оның татар пішіндес қысықтау, отты көзі жалт-жұлт етеді, жирен, шоқша сақалы бар. Ол өзінің велосипедін менің велосипедімнің жанына сүйеді де, ғафу өтіне күлімсіреп, маған қарады. «Бұл ақылды адам болар»,— деп ойлап мен де оған күлімсірей ишарат білдірдім. Келген адам стол қасына отырып, ол да жұмыртқаға колбаса қосып қуыруға заказ берді. Шприццер де беріңіз, тек сумен молырақ тұшытыңыз деді. Тегі, асбазшы оны жақсы білетін сияқты.

— Венгриядан келе жатқан боларсыз? — деп сұрадым мен.

— Я, Татрдан,— деді велосипедші.

Біздер аралас тілде ұғысып отырмыз: мен словакша сұраймын да, ал ол орыс акценті басым украин сөздерімен жауап қайырады.

— Қайда беталдыңыз, мырза?

— Новитаргқа. Мен мұнда, Закопанға жуық, Пронинде уақытша тұрамын.

— Сіз, тәрізі, бұл жерлік емес боларсыз, мырза? Шамасы, дачаға келушілерден шығарсыз?

Ол маған барлай қарап қалғанда, мен ыңғайсызданып кеттім. Ыңғайсызданғанымды жуып-шаю үшін, мен орнымнан тұрып жөнімді айттым. Ол өзінің фамилиясын айтып күбір етті. Оның өңі бірден жылып, миық тартты.

— Мен орыспын. Басқа жақтан келгенмін. Саяси қудаланушымын, түсінесіз бе?

— А? Азаттық жолындағы күрескер екенсіз ғой! — деп мен кружкамды көтердім. Біздер кружкаларымызды соғыстырдық.— Россиядағы азаттық жасасын! Патшашылдық жойылсын! — дедім мен нағыз демократиялық құштармен.

— Бүкіл дүние жүзінде азаттық жасасын!..— деді ол ақырын, бірақ нығыздал.— Буржуазия жойылсын! — Сөйтті де ол мырс-мырс күлді.

Біздер шешіле әңгімелестік, маған бұл адам тым ұнады. Мен қарт адаммын, кісінің ішіндегісіне дейін көре білемін және адамды ө деген лебізінен-ақ байқаймын. Соған орай, мен бұл кішкене мырзаның мейірбанды және терең ақыл иесі адам екенін бірден сезіндім. Әңгіме кезінде мен оның бет әлпетін зерттедім. Оның әлпеті соншалық сұлу болмағанымен, уытты, жарқын екен де, тастай түйіле сөйлей жөнелгенде, ақ жарқын сұлуланып, ол көз алдында бұлжымай қалып қояды екен. Сол әлпетті мен күні бүгінге дейін қаз-қалпында көзіме елестетем.

— Ал, сонда ол көреген сізге нені болжап берді?

— Қалжыңға айналтпа, балам. Біз онымен соғыс әлі ешкімнің ойына кіріп те шықпаған кез, июньнің бас шенінде кездестік. Міне, сонда, маған бұл орыс мырза, таңқаларлық нәрсе айтты. Ол, біз болып көрмеген соғысқа деп тұрмыз, әлем қарабақайына шейін құрсана қаруланған, генералдар тек жарлықты күтіп қана тұр деді. Ау, несін айтасың! Ол тек қана биылғы болған оқиғаларды ғана күні бұрын айтып қойған жоқ, онымен қоса, келешекте бізді нелер күтіп тұрғанын баяндады. Ол, соғысты болдырмауға шамасы жетеді десіп жүрген әлгі бір демократия дегеннің қолынан түк те келмейді, сайып келгенде істі халық өз қолына алады деді. Соғыс әлденеше жылға созылмақ. Я, әлденеше жылға. Сан миллиондаған адамдар қырылмақ. Ол уақытта айтылған-



дардың бәрі сұмдық қорқынышты болып естілсе, қазір соның бәрі болып отыр. Бұл соғысты, деп еді ол, тек астан-кестен өзгеріс қана тоқтата алады. Революциялар, дағдарыстар болады, сонан соң дүние көпке дейін тыныштала алмайды. Мен оның сөздерін өте ұйып тыңдап былай деп ойладым: «Мұның өзі соншалық қайырымды адам сияқты болса да, өзінің болжауы қандай жаман еді». Бірақ, қарсыласуға шамам жетпеді. Мен ұйып қалдым. Оның ұғымды айтқаны сонша, сенбеу тіпті қиын.

— Ал, онан әрі не болды? — деп сұрадым.

— Онан әрі ме?.. Бір айдан соң дүние төңкеріліп түсті. Сөйтіп біз қазір құлағымызға шейін қанға батып отырмыз. Ілгеріде бізді нелер күтіп тұр. Менің денем түршігеді. Мен сол кісінің алдын ала болжап айтқандарына сенемін және мынау сұрапыл соғысты ешқандай генералдардың да, дипломаттардың да тоқтата алмайтынын, ал оны тек халықтың өзінің тоқтататынын көріп отырмын. Я, бір жола, өмір бақи тоқтатады!

... 1922 жылы мен өзімнің империалистік және азамат соғыстары кездерінде жазған күнделігімнің беттерін аударып отырып, оның бір бетінен Величканың атын көріп қалдым. Соңғы жылдарда мен Величка қартты есіме жиі алатын болдым, міне сол еске алу үстінде ойлар сапырылысып, менің көз алдыма екінші бір адамның бейнесі — менің өте бір қымбатты кісіме айналған, туған әкемдей шын жүрегіммен жақсы көретін, ұстазымдай алдында құрметпен

бас иетін адамның бейнесі келді. Менің ойымда көптен бері бір нәрсе түйткілсізін де жүретін, мен сол жөнінде тап осы жерде шешімге келдім. Қабырғада ілулі тұрған суретті алдым да, сүйікті жанның сипатына сүйсіне қарап ұзақ тұрдым. Сонан кейін қарттың адресін күнделігімнен тауып алдым.

— Я, Величка ағайға хат жазамын, хат, — деп шештім мен.

«Кешмарк, фабрика көшесі, 8-үй, Иосиф Величка».

Секунд шамасы кідіріп қалдым. Ол кезден бері Карпатта талай-талай өзгерістер болды ғой. Ол енді Венгрия емес қой.

Енді Кешмарктың өзі Чехословактарша не деп аталады? Әй, мейлі, ескі адреспен де жетер. Сөйтіп, мен хат жазуға кірістім.

«Қымбатты Величка ағай! Біздің 1915 жылғы, бақтың ішіндегі әңгімеміз сіздің есіңізде бар ма? Көне, мына суретке жақсылап қараңызшы. Осы мырза империалистік соғысты генералдар да, министрлер де тоқтата алмайды, оны тоқтататын халық, тек халықтың өзі деп күні бұрын болжау айтқан, көреген орысқа ұқсамай ма...»

Онан жауап тым суыт келді. Величка ағайдың жауапты ұзақ күттірмейтінін мен жақсы білетінмін, алайда, кексе қызметкердің әріптерді маржандай тізген дұғайы сәлемі ұзақ, бірнеше бетке жазылған екен. Қарт ескеріп хат жазғанға риза болыпты, ал сурет жөнінде — ой, ол Капрон асханасында кездейсоқ әңгімелескені басқа адам емес, ұлы Ленин екенін әлдеқашан-ақ сезген, әлдеқашан-ақ білген. Мұнысын Величка ағай аса мақтаныш еткен және менен егер мен Москва Кремлінде Ленинге ұшыраса қалатын болсам, оған Кешмарктағы «Патрикей мануфактурасының» қызметкері Иосиф Величкадан ұмытпай сәлем тапсыруды өтінген. Величка ағай хатында соғыстан кейін жағдай қиындап кетті, ешбір жөнге қойылмайды, айналаның бәрі абыржу деп, шағым айтқан. Демек, Лениннің айтқандары келген. Я, мұның бәрін Ленин оған Капронда айтқан еді, ал енді осы жағдайдың қаншаға созылатынына оның, Величканың, көрілікке бет алған шағында да білгісі келіпті. Тағы да Величка ағай Кешмарк фабрикасының көп жұмысшылары коммунист болғанын жазыпты.

«Ой, егер біздің коммунистеріміз Ленин мырзадай болса, мен, шая өзімнің жетпіс сегізге келгеніме қарамастан, Чехословакиядағы бірінші коммунист болар едім», — деп бітіріпті Величка ағай өзінің хатын.

Орысшадан аударған М. НҰРТАЗИН.

МӘНГІ ӨЛМЕЙТІН АДАМ

ӘНГІМЕ

Мезгіл тал түс. Есік алдындағы көгалда алты жасар Марат асыр салып ойнап жүр еді. Астына төселген төрт қабат көрпе үстінде атасы немересінің ойынын қызық көріп және бір жаққа кетіп қала ма деп бақылап отыр.

Жүгіріп келе жатып көрші үйдің бұрышынан шыға келген Марат көшеде баяу жылжып бара жатқан арбалыны көрді. Бір орта жастағы адам арбаға отырмай, делбені қолына ұстап, атты жанамалай жүргізіп келеді. Жайдақ арба үстіне ұзыннан-ұзын ақпен оралған бір нәрсе қимылсыз жатыр. Арба соңында отыз шақты адам екі иықтарынан су кеткендей бастарын төмен салып, аяқтарын сүйрете, сылбыр басып келе жатыр. Бұл көріністің негізіне түсінбеген Марат арбаға артылып мінбекші болып, соңынан тұра жүгірді. Атасы «тоқта!» дегенше болған жоқ, арбаның соңына жетіп барып, артындағы келе жатқан кісілер ұрыса ма дегендей жалт қарады да, мелшиіп тұрып қалды. Маратты таң қалдырған нәрсе — келе жатқан кісілердің алдыңғы қатарындағылардың көздеріндегі мөлтілдеген жас. Бұған дейін Марат үлкен адамдардың жылағанын, көз жасын көрген жоқ еді. Бұлар жанынан өтіп, ауыл шетіндегі зиратқа қарай бұрылғанда, Марат атасының алдына келіп:

— Ата, ата, анау үлкен кісілер неге жылайды, оларға кім тиді? — деп жалынып сұрай бастады. Өйткені, ол арбада өлген адам барын байқаған жоқ және туғалы өлген адамды көрмеген еді. Атасы немересін алдына отырғызып, маңдайынан иіскеп:

— Балам, олар сол арбада жатқан өлген адамды жоқтап барады.

— Ата, ол өлген кісіні қайда апарады?

— Оны зиратқа апарып жерлейді, балам.

— Ата, ол адам қайта тіріле ме?

— Жоқ, балам, өлген адам қайта тірілмес болар.

— Онда олар неге жылайды, ата?

— Өлген кісіні аяп, оны қайғырып жылайды, — деп атасы бәрін де білгісі келіп тұрған немересіне қалай жауап берерін білмей, сасып қалды. Атасының «өлген адам тірілмейді» дегеніне Марат аузы бұртиып, біраз мұңайып отырды да:

— Ата, өлмейтін адам бар ма? — деп сұрады.

— Бар, Маратжан. Дүниеде мәңгі өлмеген және өлмейтін адам бар. Ол әлі тірі.

— Ата, ол кісінің аты кім, сен маған оны көрсетесің бе? — деп Марат атасының мойнына асылып, — маған көрсетші, — деп жалына бастады.

Шалқар қарт өткен өз өмірі көз алдына елестегендей біраз ойға кетті де, немересінің мойнына оралған жіп-жіңішке қолын босатып:

— Маратжан, ол кісіні мен саған көрсетейін. Бар, үйден кешегі ағаң сатып әкелген кітабыңды әкеле ғой, — деді.



Марат атасының сөзін екі айтқызбай, үйге қарай жүгіре жөнелді. Төргі бөлмеден өз кітабын тауып алды да, есіктерді аяғымен теуіп, шалқасынан ашып, кір саусақтарын анда-санда бір жалап, жол-жөнекей кітап ішінен бір нәрсені іздеп келе жатты. Кітапты атасына берді. Атасы кітаптың орта кезін ашты да, бір адамның бейнесіне тесіле қарады. Атасының иығынан асыла келіп қараған Марат:

— Ата, андағы Ленин атам емес пе? Оны маған Асыл ағам көрсеткен, — деді.

Атасы:

— Міне, Маратжан, өлмейтін мәңгі тірі адам осы кісі, — деді.

А. Даныбаев.

Ақмола облысы,
Еркіншілік ауданы,
Бестөбе руднигі.



— Ойпырмай, осы баланың жуған шүберектей болып, күннен-күнге жүдеп бара жатқанын қарашы. Өлгі тамақ батыратын дәрісін дайындашы, — деп оқудан келген Саматты әжесі Айжан ұшып тұра кеп шешіндіре бастады.

Ара-тұра Саматтың тамағын әкеп жүрген келіні Гүлжанға «сенің де мінің бар» деген кісі құсап ала көзімен атып қояды.

Самат тамақтың әрбіреуінен бір шұқып, біреуін де мейірленіп жемеді. Етті біраз араластырып, «бұрышы бар» деп мұрнын шүйірді. Нешетүрлі қоспамен тәттілеп пісірілген үгітілме ақ нанды қолымен ұстап көрді де, «қатып қалған» деп аузын томпайтты.

Самат басқа бір тамақ дәметкендей әжесіне қарады. Әжесі де түсіне қойды білем, қамзолының қалтасын сипалап, одан мұқият түйілген бір түйіншек шығарды.

Саматтың бір уысында конфет, екіншісінде печенье далаға шықпақшы еді, әжесі оның алдын кес-кестеп, шығармай бәйек болды. Жалынды, жалбарынды. «Суық тиеді, тұмауратып қаласың. Өткен жылғыдай көтеріп соқпаға ұшырайсыңның» Самат бірін де тыңдамады. Есікке қарай ұмтыла берді.

Айжан әжей үйдің ішінде тұрып, шала бүлініп, терезе алдында сырғанақ теуіп ойнап жүрген Қанат, Әділ, Мараттарға екі қолын бірдей түйіп, біріне-бірін соққылап:

— Баланы еліктірмей әрі ойнаңдар, жүгірмектер! — деп айқай салды.

Балалар естімеген болу керек. Кетпеді.

Ақыры Самат жеңді. Әжесі орамал орап, оның сыртынан малақайының бауын алқымының астынан алып байлады. Пенжегінің сыртынан іші елтірі ішігін қабаттай кигізіп, бөлін буындырды. Әкесі де қарап қалмады. Екі-үш жүн носкиді қос-қостап, одан кейін кигіз байпақ кигізіп, оны пимаға сұққызды. Бәрі де әжесінің айтқанымен істелді, әжесінің әмірімен орындалды.

Қорбиған, икемсіз Саматты «жығылып қала ма» деп әжесінің өзі далаға жетектеп шықты. Достары Саматты көріп қолын шошайтып:

— Ойбай, құбыжық!

— Қош келдіңіз, аяз ата! — деп күлісті. Қолдарын соғып, мәз-мәйрәм болысты.

Жолдастарының соңынан Самат та қол шанына отырып зуылдай жөнелді. Аққаланың орта шеніне жете бергенде икемсіз Самат домалап кетті. Бос шанысы айналып барып тоқтады.

Өкпесін қолына алып әжесі де ұшты-ау. Немересін қолтығынан көтеріп:

— Тіфәй, тіфәй! — деп шыр айналды.

Самат әжесінің көмегімен жығыла-сүріне үйіне кірді. Өзін қалың киім әбден терлетіпті. Гүлжан Саматтың жазу столын сүртіп, үстіне сумкасын, сия сауытын қойып әзірлеген екен. Бірақ, Айжан әжей:

— Жә, баланың тынышын алма. Терлеп келді. Құдайдың бір жазғаны болар. Қара суды теріс ағызса, жүр ғой әлгі 10 жыл оқып көз майын тауысқандар, — деп немересін төсекке жатқызып, орап, қымтап тастады.



Саматтың әкесі Қамза терезеден далаға тесіле қарап ойға кетті.

Әлі есінде, бұдан бірер жыл бұрын Самат қандай еді. Үлкен адамның көзі таса болса, Қамза мен Гүлжан екеуі кезек-кезек тұңғыштарын мейірлене аймалап сүйетін. Әкесі көзі қарақаттай, шашы күйедей қап-қара, денесі алпамсадай, маған тартқан дейтін. Шешесі ұзындау мұрны, маржандай тізілген тістері, жүргендегі пысықтығы айна қатесі жоқ өзіме ұқсаған деп мақтан ететін. Ал, Саматтың әжесі көк көз, үлкен, аққұба кемпір болатын. О кісі немересінің өн бойынан өзіне ешбір ұқсастық таппаған соң, қарағымның талғампаздығы, кірпияздығы құдды мен емес пе дейтін.

Самат есейе келе, үш-төрттерінде, конфет, қантқа әбден үйір болып алды. Тәтті десе, ішкен асын жерге қоятын болды. Қадалған затын тапқызбайынша, даусы бір сембейді.

Кейінгі жылдары Саматты ауру деп есептейтін Айжан әжейдің бармаған дәрігері жоқ, жасамаған емі жоқ. Бәрінің айтатыны бір сөз: «Балаңызда ешқандай кесел жоқ», — деп тамақ батыратын дәрі жазып



береді. Айжан әжей бірі болмаса, бірі шипа болар деп, бәрін алғыза береді. Саматтың столында фитиннің ағы, фосфрен таблеткасы, мал қанынан жасалған гематоген, ипатин, балық майы — бәрі тізіліп тұр. Бірақ, балаға мұның бірі тамақ батырған емес.

«Бала күннен-күнге жүдеп барады. Енді не істеу керек? Әлде үлкен дәрігер Смаиловтың алдынан бір өтіп, тамақ батыратын дәріні содан алу керек пе?»

Қамзаның осы ойын Саматтың:

— Ойбай, тұншықтым, үстімді ашшы! — деп жалбарына шыққан әлсіз даусы бөліп жіберді. Қамза Айжан әжейдің:

— Шаншу ұстайды, тер қатады. — дегеніне қарсылық білдіріп:

— Кішкене тоқтаңызшы, бала әбден әлсіреп қысылып барады, — деп, Саматтың үстіндегі жабылған қабат-қабат киімдерді ала бастады. Бала тұрғыз дегендей, әкесіне қолын созды. Үй жылы болған соң, Қамза баласының сырт киімдерін шешейін деп еді, Айжан әжей бәйек болып жуытпады. Бағанағы сырғанаққа барғандағы қорбиған күйінде кешкі тамаққа отырғызды. Тамақ ба-

тыратын дәрісі де, оның артынан жейтін конфеті де дайын болды. Бәрібір, Самат күндегідей бір тамақты да ұнатпады, ешқайсысының дәмін де татпады.

— Самат, киімдеріңді орнына іліп, реттеп қойсаңшы, — деп еді Гүлжан, Самат:

— Ой, ой, басым айналды. Аяғымды шешші, — деп шешесінің өзін жұмсады. Тез шешіндірмедің деп, жылап та жіберді...

Ұзынша жеңіл машина Қамза үйінің алдына келіп тоқтады. Айжан әжей қабат-қабат киіндірген немересін алып шықты.

Жетісуға аты әйгілі Смаиловтың бөлмесі. Ішінде нешетүрлі дәрілер, никельді аспаптар, әйнекті шкафтар. Бөлме әрі таза, әрі кең. Тәрде ақ халат киген орта бойлы, кең маңдайлы, түсі жылы дәрігер Смаилов отыр. Ол тартыншақтай кіріп, шегіншектеп тұрған Саматты қасына шақырып шешіндірді де, әбден зер салып байқады. Кеудесінде жаны бар демесе, Смаиловтың алдында тұрған баланың құр сүйегі ғана қалған. Шеке тамыры адырайып, тарғылданған тарамтарам сызат жолдар жатыр. Көзі шүңірейіп ішіне кіріп кетіпті. Арасы сай-сай қабырғасы мен бунақталған ағаштай омыртқасы тым сөлекет.

— Ehe, ehe, жігітім, сендей жігітке мына бұлшық ет лайық емес. Бұл — әлсіздік, — деді дәрігер, Саматтың қылдай қолы мен тарамысына ілініп тұрған аяғын көріп.

— Иә, қарағым, баланың қол-аяғы садақтай, басы қалақтай екенін көріп тұрсыз ғой.

Қарап болсаңыз, киімін киіндірейік. Суық тиіп қалар. Жаңа жіпсіп тұр еді, тер қатар,— деді Айжан әжей шыдамсызданып. Самат та «тоңдым» дей бастады.

— Ой, қой, бала, үй жылы,— деп Смаилов бірнеше рет Саматқа дем алдырып, отыртып, тұрғызып, жүрек соғысын тыңдады. Білегін ұстап, тамырының соғуын байқады.— Жарайды, енді киіне бер,— деді.

— Шешей. Мұныңыз болмайды, баланың өзі киінсін. Қолынан келетін жұмысты өзі істесін,— деп, дәрігер немересін киіндірмекші болған Айжан әжейді бөгеді.

Дәрігер Айжан әжеймен ұзақ әңгімелесті. Саматты үй ішінде жұмсамайтынын, оның өзінің де тіл ала бермейтінін біліп, басын шайқады. Реніш білдіріп, өкінгендей болды.

Дәрігер біраз ойланып отырды да:

— Кішкентай жігіт, жалқау көрінесің, киімдеріңді өзің шешіп, өзің кимейсің, үйде де ауланың ішін сыпырып, тазалап тұруды білмейсің. Керек десе, өзің жуына да алмайсың, шаш алғызып, суға түсуден де қашатын жайың бар тәрізді,— деді.

Дәрігер біраз уақыт бір дәріні екіншіге, оны үшіншіге қосқандай болды. Ең аяғында Саматқа бұрын аптекадан сан рет алған ипатинге ұқсас бір дәріні қолына ұстады.

— Мына дәрі ауруды сауықтырады. Адамға өзгеше қуат бітіреді. Ас батпағанға ас батырады. Жалқауды ширатады. Қиқарды түзетеді,— деп тақпақтай сөйлеп, дәрінің қасиетін айтып қызықтыра түсті.

Бірақ бұл дәрінің шарттарын орындамаса, пайдасынан залалы үлкен. Адам өміріне хауіп,— деді де, дәріні өз орнына апарып қойды.

— Осы баланың жолына ақсарбас, аямаймыз барымызды! Шарты орындалады. Тек шарты қалай? Соны айтыңыз,— деді Айжан әжей.

— Шарты — дәріні ішкен соң, Самат мезгіл-мезгіл қолынан келетін жұмысын жасасын: үй сыпырсын, киімін өзі шешіп, өзі кисін, мал қорасын тазаласын. Бір мезгіл сабағына қарап, бір мезгіл балалармен таза ауада ойнасын. Дәріні бойға сіңіру үшін осылайша қозғалып, қимылдап, қан та-



рату керек. Ал, осы шарттар орындалмаса, дәрі адам ішіне ұйып қалады. Баланың өміріне залал болады.

— Жарайды, қарағым, шарты орындалады, рахмет, рахмет, айналайын! — деп Айжан әжей дәріні қуана алып үйге беттеді.

* *

Желдей есіп, бір ай уақыт өте шықты. Баяғы Айжан әжей немересімен бірге Смаиловтың алдына тағы келді.

— Дәрігер балам, көп рахмет, мың жаса! Шарты орындалды. Дәрі таусылды. Тамақ батыратын дәріңнен тағы бер. Үйге қонаққа жүр,— деді.

Самат тез өзгеріпті. Садақтай қолы жуандап, еттен бастапты. Бетіне қан жүгірген. Қозғалысы ширақ, сөйлеуі де пысық.

Айжан әжей енді тамақ батыратын «қасиетті» дәрінің атын сұрады. Дәрігер өз қулығының ойдағыдай шыққанына көзі жетіп, енді шындықты айта бастады. Ақыры:

— Ол дәрінің аты — еңбек, еңбек, шеше,— деді жымып...

Соңғы кезде Айжан әжей де «Қолыңды бақытқа жеткізетін — еңбек, сауықтыратын — еңбек, тамақ батыратын дәрі де — еңбек. Еңбек етпесең тозасың, құрисиң» — дей беретін болды.

М. Мырзақұлов.

Талдықорған облысы,
Талдықорған ауданы.

ҚАРБЫЗ

Жиеңімің өзі өккен
Бақшамызда қарбыз бар.
Мәлеледік кезекпен,
Дарымады зерлі ызғар.

Аралаймын жай басып,
Ала қарбыз өзі ыңғай
Жусал жатыр айқасып
Көгендеулі қозыдай.

Қ. БАЯНБАЕВ.

Поль Робсон

Үлкен қалаың шетіндегі төмпешіктің үстінде темір бағана тұр. Төмпешіктің маңына елеусіз қарапайым адамдар бірте-бірте жиналып жатыр. Көпке созылмай-ақ халық шоғырланып, қоршау қалың орманға ұқсады.

Қоршаудың ортасындағы темір бағанаға бір адам беталғанда, отырғандар ду қол шапалақтады. Сымбатты, қарасұр, бұйра шаш адам күлімсірей айналыны бір шолып, басын иіп амандасты да, қоңыр даусымен әнді бастап кетті. Құлаққа тиген жұмсақ дауыс бойды балқытып барады. Демін іштен алып сілтідей тынған қайрақ қарасұр жандардың жүзі күнге шағылысқанда, қоладан құйылған ғажайып мүсінге ұқсайды. Бұл көрініске қарап тұрып:

— Міне, бейбітшілікті аңсағандар. Міне, адал жандардың бейнесі! — дейсің.

Әншінің жүректі әлдилеген әні бірде асқақтай аспанға шырқаса, бірде тұнжырай тұңғыққа сорғалайды. Оның үнінен бақытынан айрылған жетім баланың, баладан айрылған шерлі ананың үні естілгендей де болады. Қыруар жұртты қырда ұйытқан құдыретті ең мұңды, зарды серпіп тастап, шаттықтың дабылын қағады. «Серпіл, тұр орныңнан, бостандыққа аттан!» — деп тұрғандай жігерлене тынады.

Қоршау сыртында сарт-сұрт, айғай, шу. Өндірішегін ортаға созған, түсі суық жандар. Қамалдың қабырғасындай — кеудесін тосқан жұрт қаруын кезенген сұғанақтарға жол бермейді, үнсіз кес-кестей береді. Ортаға өтпек болған тіміскі сілімтіктердің қолынан түк келмеді: ортадағы әнші көптің арасына сіңіп ғайып болды.


Ән салған кім еді!

Ол — Америкадағы асқан әнші Поль Робсон.

Оны ұстамақ болған — Америка соғыс құмарларының тыңшылары.

Бұл оқиға талай рет осылай қайталанған. Ақжүрек, қарапайым бұқара сүйікті әншіні осылай қорғайды. Сүйікті әншінің бостандық сазын осылайша ғана тыңдайды. Өйткені, бостандық, адалдық әндерін Америка Құрама Штаттарында тек осылайша тыңдауға болады.

Поль Робсонның өмірі жатқан бір шежіре. Қара нәсілді негр баласы — оның мектепке түсуіне жол берілмеді. Ол зордың күшімен мектепке кірді. Робсон әжеттігімен тырмысып жүріп университетті де бітірді. Бірақ, юрист дипломын алғанмен оған қызмет берілген жоқ. Жазығы тек қана негрлігі. Бірақ, білімге, жігерге кедергі жасағанымен американдар табиғат берген дарынға тосу бола алмады. Поль Робсонның асқақ даусы бүкіл әлемді шарлады.



Оны Америка ғана емес, Азия да, Африка да, Австралия да, Европа да есітті. Бейбітшілік белгісі — көкаршындай, тыныштыққа, достыққа шақырған Робсон әні аспан әлемінде қалықтады.

Азаттықтың ордасын көруді аңсаған әншінің арманы 1934 жылы орындалды. Бұл жылы Робсон біздің елге келіп аралады. Шындықты көзімен көрді. Бұл келу сапары оның демократия жолында, бейбітшілік жолында күресті аянбай жүргізе беру сенімін күшейтті.

Үлкен жүректі күрескер әнші 1936 жылы Испанияға барды. Бұл жылдары бостандық көксеген испан халқы тәуелсіздігі үшін қажырлы күрестер жүргізіп жатқанды. Ол испан жауынгерлерінің алдында берген концерттерінде фашизмге күйрете соққы беруге шақырды. Екінші дүниежүзілік соғыста ол үнін әділет үшін ерлікпен ұрыс жүргізіп жатқан совет халқына қосты. Біздің еліміз жауды жеңгенде, Робсон шаттық өнін шығандата шырқады. Ол — біздің досымыз. Мен «Совет Одағының досы болғанмын, болып келемін және бола да бермекпін!» — дейді ол.

Поль Робсон 1949 жылы біздің елде болып, театрларда көптеген концерттер берді. Халық көп жиналған кештерде тамаша әншінің даусы бұрынғысынан да жоғары шалқи шырқалды.

Бейбітшілік жолындағы қажырлы күресі үшін 1952 жылы Поль Робсонға халықаралық Сталиндік сыйлық берілді.

Поль Робсон биыл осы айда алпысқа толды. Бұл — абзал әншінің мемеліне келіп толысқан шағы. Ол игі өмір жолында талай жылдар қызмет ете береді.

АННА НИКИФОРОВНАНЫҢ 170 баласы

Билесің бе
Кім екенін
Анна Никифоровнаның!
Бұ да есінде
Жүрсін сенің
Со кісімен таныс бол, ұланым.



Бақшасына балалардың
Жұма сайын талай бардым.
Бақшасын мен балалардың
Тамашалап қарай қалдым.
Қарай қалдым,
Қарайладым,

Күнде көріп жүрсем дағы
Ұл мен қызын талайлардың.
Сол бақшадан көргемін-ді
Анна Никифоровнаны.
Мен де алып келгемін-ді,
Әмір, Ақан ұлдарымды.
Күнде ертемен қарсы алады
Анна әжесі бөбектерді.
Бөбектері аңсағаны,
Әм солардың ержеткені.
Анна әжей бойшаң адам,
Зор денелі, мол денелі.
Сен алдына барсаң, балам,
Иіліп кеп қол береді.

Ерінбейді, жалықпайды,
Мейіріміне таң қаласың,

Жоқтап біліп анықтайды,
Барлық қызын, бар баласын.
Бір өзіне бәрі аян
Кімнің жоғы, кімнің бары.
Әлі мен Әмірін,
Гришасын, Сәлімін,
Бәрін келіп көрсеңіз,
Розасы он екі,
Светасы он жеті,
Мақаны мен Ақаны,
Айгүлі мен Майгүлі,
Нәргүлі мен Гүлнәрі —
Бір жүз жетпіс не бары.
Ерке-шолжың Нәргүл қыз
Дейді:

— Кеше бір жұлдыз
Ағып түсті аспаннан
Софья Григорьевна,

Наныңыз!..

Тәрбиеші Софья:
— Бар айтарың осы ма! —
Десе оған қосыла
Десіп жатыр бар бала:
— Бар айтарың осы ма!
— Әкем Кеген тауынан.
Арқар атып әкелді,—
Деп мақтанды Қайыржан.

— Мынау жақсы мылтықты
Маған сатып әперді...

— Бар айтарың осы ма! —
Дегенде оған Софья
Клара тұрып сөз алды,
Иығы сел қозғалды:

— Өзі күтіп баптаған
Өзіміздің бақшадан
Мамам қауын әперді,
Лайық деп тап саған.
Аз-ақ үлкен алмадан,
Қызығасың тек көрсең,
Сондай тәтті жеп көрсең,—
Шошайтып бір саусағын
Сөйлеп кетті Малсағын:
— Үй салынды, көрдің бе,
Туристерге шап-шағын.

«Бар айтарың осы ма!»
Демеді енді Софья.
Мерей айтты Керейге:
— Білгің сенің келмей ме!

Самолет бар керемет,
Дейді оны «Ту-114».

Тап осындай әңгіме
Болғанымен әркімде,
Бәрін тыңдай алмайсың
Ереже бар әр күнде.

Ішілген соң ертеңгі ас
Бөркен келді кешігіп,
Көзінде тұр мөлтең жас,
Қалған кімге өшігіп!

Әдетімен күндегі
Құйғыш алып қолына,
Георгинді¹ күздегі
Суармақшы Қалима.

* *
*

Жеті жасар группа
Талай сурет салыпты,
Бірнешеуін жуықта
Көрмеге деп алыпты.



¹ Георгин — гүлдің аты.



Қапар шықты қуанып,
Тілектерін құп алып.
Өткір көзі бұрышқа
Қарай қапты мұңайып:
— Сегіз жасқа толғанда,
Кітап алам қолыма.
Тоғыз жасқа толғанда,
Түсем білім жолына...
Он тоғызға келемін,
Өрістейді өнерім.
Жиырмадан асқанда,
Самғап жүрем аспанда!...

Киіп кетті оны енді,
Шетте тұрған Төлөнді:
— Толғанда он сегізге,
Жүзіп жүрем теңізде!
Жиырмаға келгенде,
Жер серігі боламын,
Айға барып қонамын!
— Айда ағаш өспейді,
Айда жүзім жоқ дейді.—
Деді Мұрат маңғазсып,—
— Айда егін екпейді!...

Жамал апай күледі,
Деп: — Мұратжан біледі!..

* *
*

Алты жасар группа
Тақпақ айтты кезекпен,
Болып тағы жуықта
Жазып алдым тездеп мен.

— Бал бөбегім, бөгелме,
Кім айтады! — дегенде,
Петя айтып жөнелді,
Бөгелер ме ол енді.

— Тамаша! Тамаша!
Мысық алып келеміз,
Күшік алып келеміз.
Петькамыз бар сүзеген,
Маймыл, тоты тағы бар,
Келе жатқан біздермен!
Қара көзі күлімдеп,
Майгүл шықты ортаға,
Өлеңдетпей, қорқа ма.
— Қызыл алма, көк алма,
Алсаң, алшы, көп алма,
Алып қойдың алмамды,
Өзіме түк қалмады!
Қоңыр өрік, көк өрік,
Өсті ағашта көгеріп.

— Тақпақ айтқыш Қапардың
Тыңдайықшы тақпағын! —



* *
*

Серуенге шықты олар
Бұл бір ашық күн еді.
Талай жайды ұқты олар,
Бәрі мез боп күледі.
Нәзік аяқ, қысқа адым
Қатар-қатар келеді.
Толя ылғи құстардың
Жайын сұрай береді:

— Ала қанат сауысқан
Дәнді қалай тауысқан!
Жамал апай, тыңдаңыз,
Көкқұтанның тұмсығы
Неге болған бір қарыс?!
Оған жауап бергенше,
Болды жәйіт өзгеше.
Бір адам тұр саптатты
Алдағы үлкен алаңда,
Қолына дәу қамшы апты,
Таңқалдық сол адамға.
— Сүйсініп таң нұрына,
Сол үшін ол күрескен.



Таңның туын көтеріп,
Өмірі өткен, күні өткен,—
Тәрбиеші сипаттап,
Аманкелді батырды,
Дейді: — Халқын қол бастап,
Бостандыққа шақырды!

Қара көз бен көк көздер
Қадалды бұл мүсінге,
Түсініксіз ол кездер,
Көрмеген өң-түсінде.

* *
*

Көкшіл көйлек, ақ көйлек,
Қызыл көйлек, көк көйлек,
Баққа қайтып келеді.

— Айналайын, ұлдарым,
Айналайын, қыздарым,
Келші бері, кел мұнда,—
Деп қарсы алды оларды
Анна Никифоровна.



Бәрі жақсы, әртүрлі,
Қызықтырған әркімді.
Баласы бар жүз жетпіс,
Сұрасаңыз,

— Кім! — деп сіз:
— Ол — Анна Никифоровна!

Жаппар ӨМІРБЕКОВ.

КӨМЕК

ОЧЕРК

Каланың орталық кезіндегі еңселі аурухана. Жетінші палатаның биік терезесінің алдында тұрған кең халат жамылған бала ұзақ уақыт тапжылмай, әйнекке бетін тақап, мелшиді де тұрды. Қызылжардың ертеректе салынған оюлы ағаш үйлерін жанай кетіп бара жатқан топ балалардан көзін алмай телміре қарап, ұзатып салды. Олар әлгінде ғана өзіне келіп шыққан кластас достары еді.

Күн екі жерден құлақтанып, дала қаншама шаңытып тұрғанымен, бірін-бірі жүгіре қуысып, қақаған аязды елемей бара жатқан жолдастарының көңілді ойыны қызықтырып тұр ма екен бұл баланы? Ұзақ уақыт жатып қажыған ол, қашан шығар екем деп, зерігіп тұрған болар.

Жоқ, олай емес. Оның ойы басқада. Иығы салбырап, арты жымырылған кеңдеу, былғары тапчқасын жеңіл ғана тырп-тырп басып төсегіне келген ол, шалқасынан жатқан қалпы кірпігін сирек қағып, әлгі ойына тағы да берілді.

Өткен оқу жылы Мұстафин Боря үшін қолайсыз бір жыл болды. Сабаққа қаншама ынталана беріліп, жақсы оқыншы деген ниет білдірсе де, жалқаулық етекпен басып, желкесі кежір тартты. Стол қасына дәптерлерін ашып қойып шұқшия қадалғанымен, ойынға әдеттеніп қалған көңіл мен жүгіріске бейім аяқ жүр-жүрдің астына алып, көшеге сүйрейді де тұрады. Біраз көнбей тыртысып баққанмен, басы даңғаза болып ештеңе түсінбеген Боря кітап беттерін тарс жауып, кейін оқырмын деп өзін-өзі жұбатып, ендігі ерікті ойынға береді.

Сөйтіп жүріп сабақ үлгеру оңай боу па? Отряд жиынында да, дружина советінде де, тіпті педсоветте де Мұстафиннің аты жиі аталатын болды. Онымен қоймай, үйдегі шешесі де мұның жаман атын естіді.

Шынын айтқанда, алғашқы уақытта «Боря нашар оқиды», «Мұстафин үлгермейді» деген сөздер түрпідей тиіп, жағымсыз естілуші еді. Бара-бара Боряның құлағы үйреніп, еті өліп алды.

Масайраған жаз айымен бірге көңілді ка-

никул уақыты келді. Бірақ Боря үшін нағыз көңілсіздік жаңа басталды. Өзімен бірге оқыған 5-класс оқушылары енді 6-класта оқымақшы. Ал, бұл болса өз үйірінен адасып қалған қаздай жеке қалды.

Қалендарь беттері ауыса жылжып, бірінші сентябрь келді. Мектеп алдына жиналған оқушылар аса жайдары, көңілдері көтеріңкі. Жаңа сатып алған оқулықтарын бір-біріне қуана көрсетіп, маз-майрам болып жүр. Тек, мұқабасы тозып ескіре бастаған өткен жылғы кітаптарын көтеріп келген Боря ғана. Былтырғы бірге оқыған оқушыларына, не биыл өзімен оқуға тиісті бесінші класс оқушыларына жақындасудың ретін таба алмай, шет-қақпайлана береді. Тағы да келіп өзіне таныс былтырғы бесінші кластың есігін ашты.

Жаз бойы жанын жегідей жеген намыс бұл жолы осы класқа тістене катуланып, өзіне-өзі серт айта кіруге себепкер болды. Оның үстіне, мектеп дирекциясы балалармен бірігіп оқуына мүмкіндік туғызып, оны интернатқа алды.

Расында, Мұстафин өткен жылғыдай емес, ойынды азайтып, сабаққа мұқият дайындала бастады. Бірақ, не керек, бірінші тоқсан аяқталар-аяқталмас кезде науқастанып қалды. Ауруханаға түсті. Екі айдан аса жатты.

Міне, Боряның соңғы кездерде төсек үстінде жатып ойлайтыны осы еді. «Көп сабақ өтіп кетті, шыққан соң игере алсам жарар еді,— деген ой әсте ойынан кетер емес.— Әсіресе, мектеп бойынша алдыңғы қатарлы кластың бірі болып саналатын 5-класты артқа тарту деген қандай ұят. Бүкіл класс алдында кінәлі болып жүз тасалағаннан жаман не бар дейсін. Ал, ауырып қалдым деген сылтау бола ала ма?!»

Мұстафиннің жағдайы басқа оқушыларды да толқытпай қойған жоқ. Бәрінен де 5-класс оқушылары көп ойлапты. Оның ауруханадан шығатын хабары естілісімен-ақ 5-кластағы пионерлер отряды «Бәріміз бір адам үшін, бір адам барлығымыз үшін еңбек етсін» деген тақырыпта әңгіме өткізді. Әңгімеге қатысқан пионер вожатыбы Садыкова Зағра Мұстафин Боряның жайы туралы айта келіп, былай деді:

— Балалар, сендер барлығың тұтас бір коллективсіңдер. Ал, коллективтегі бір оқушының үлгерімі нашар болса, ол сөз жоқ, сол коллективтің игі ісіне нұқсан келтіреді. Егерде ол сияқты кейін тартатын оқушыны қатарға қоса алмаса, оған коллектив те кірпәлі. Мұстафин туралы да осыны айту керек. Сондықтан, ауырып ұзақ жатып қалған Боряға көмек көрсету біздің бәріміздің міндетіміз болуға тиіс. Бұған қалай қарайсыңдар?

Оқушылар мүдірген жоқ, бірінен соң бірі сөз алып сөйледі. Кейбірі:

— Ең алдымен Мұстафиннің күнделікті сабаққа мұқият дайындалып отыруын қадағалау қажет. Мұны интернатта бірге тұратын оқушыларға жүктеу керек,— десе, енді бірі:

— Мұстафиннің өткен сабақтардан қайталап отыруы үшін әр оқушы оған әр пәннен жекелей көмек көрсетуі керек,— деген ұсыныс жасайды. Сөйлеушілердің соңын ала тұрған сұңғақ бойлы, қараторы, өткір көзді 5-класс оқушысы Раушан Омарова:

— Оқушылар, мен Мұстафиннің жайын жақсы білемін. Ол, әсіресе, қазақ тілі мен орыс тілінің жазбашасынан нашар үлгеретін еді. Ал, енді ауруханадан шыққаннан кейін бұл пәндердің оған тіпті ауыр тиетіні аян. Сондықтан да, мен күнде бір сағат уақытымды Мұстафинмен бірге өткізіп, грамматика ережелерін қайталап отырғым келеді. Және де бұл айтылған пәндерден Боряның жақсы үлгеріп кететіндігіне сенімді беремін,— деді.



Оқытушы В. В. Жукова, пионер вожатыйы З. Садыкова (ортада) және оқушылар 8 март күні ата-аналарға жолдайтын құттықтау хаттарын оқын отыр.

Фото А. С. Розенштейндікі.

Басқа оқушылар да сабақтан тыс уақытта Мұстафинді қамқорлығына алатындықтарын айтты.

* * *

Бүгін 8 март. Бұл күні әр ананың үйінде өз қуанышы, өз тойы. Раушан да, оның көршілес достары да анасын 8 мартпен құттықтады. Туған-туыстарынан арнайы келген сыйлықтар стол үстіне әдемілеп жиналған: Айналасы еменмен көмкерілген төрт бұрышты айна, жазда ұстайтын үлбіреген қытай шатыры, кішкентай ғана қол сағат, тағы сол секілді қобдишаларға салынған дүниелер. Осылардың бәрінен де қадірлі, бәрінен де қымбат бір сыйлық стол үстінде жатыр. Мұны Аркадий Гайдар атындағы № 5 дружина мен мектеп дирекциясы жіберген.

Бұл — кәдімгі төрт бұрышты көк конверт. Оның ішінде бір бүктеулі қағазда былай жазылған екен:

«Қадірлі ана, Сізді біз 8 март—әйелдер күнімен құттықтаймыз!

Сіздің кішкентай қызыңыз Раушан — 5-класстағы алдыңғы қатарлы оқу озаттарының бірі. Әрі тәртіпті, өнегелі оқушы. Онымен бірге өз жолдастарының қамқоршысы. Өз көмегіне алған Мұстафин Боряның қазіргі уақытта барлық пәндерден үлгерушілер қатарына көтерілгенін хабарлағымыз келеді.

Міне, осындай өнегелі, сапалы, әрі көпшіл Раушанды тәрбиелеген Сізге көп-көп алғыс айтамыз!»

Мектеп дирекциясы.

Дружина советі.

Ана үшін бұдан артық қуаныш, бұдан биік дәреже, бұдан қымбат сыйлық бар ма?! Көпшілік сүйсініп, жұрт мадақтайтын бала тәрбиелеп шыққанын қай ана мақтан етіп, қай ана оған қуанбасын.

Бұл күні осындай хатты алған Қалиев Базарбек, Мұстафина Мария, Қәрібаева Низкен, Тәшігүлова Шолпанның ата-анасы да үлкен қуаныш үстінде еді.

Ал, Раушан болса, Мұстафин Боряға деген жолдастарының және өзінің көмегінің абройлы болып аяқталғанына қуанулы.

С. Жүнісов.

Петропавл. М. И. Калинин атындағы қазақ орта мектебі.

Керейбай

ЕРТЕГІ

Баяғы өткен бір заманда Сәлім дейтін шал болыпты. Өзі барынша бейнеткор, адал, әділ жан екен. Шағын ғана дәулеті бар екен оның. Ешкімнің қолына қарамай, жұрт алдына түсіп байып кетпей күн көріпті.

Шалдың 3 баласы бар екен. Үлкен екі баласы ер жетіп, есейген соң Сәлім шал оларды үйлендіріп, ал өзі кенжесімен бірге бөлек тұрыпты.

Күндердің күнінде шал қартайды, бұрынғыдай емес, қайраты қашады. Тамтұмдап жинаған дүниеден, екі баласына берген еншіден қалғаны да таусылады. Сәлімнің халі мүшкіл болуға айналады. Шал енді жағдай айтып, балаларын жағалайды.

Әкенің жайын көрген екі үлкен бала өзара ақылдасды. «Бұл шалдың кәрі қойдың жасындай ғана өмірі қалды. Сонына ерген әне бір Керейбайы тағы бар. Ол екеуін асыраймыз деп, аузымыздағыны жырып берсек, өзіміздің бала-шағамызға не береміз? Қой, ештеңе де бермейік! Ит екеш ит те өз күнін көріп жүр ғой. Бірнәрсе ғып күнелтер» — деседі қатыгез балалар біріне бірі.

Сонымен, Әребай мен Сәребай сынапша қылт-сылт етіп, туған әкеден безеді. Мұны көрген қарт әке қамығып, капаланады. «О, тәңірім, о заманда, бұ заман туған әкеден безген перзентті көріп пе ең сен? Қартайып қаудыраған шағымда мұндай қиямет басқа түседі деп кім ойлаған! Мен енді арыз айтып, шарифаттың жердегі өкілі — молдаға бармақпын. Мүмкін, ол көз жасымды көріп мүсіркеп, қатыгез балаларды тәртішке шақырар. Ержеткен балаларға кеткен әкелік борышымды өндіріп берер».

Әкесінің молдаға бармақшы екендігін естіген Әребай мен Сәребай тағы да ақылдасыпты. «Бұл алжыған шал бізді шын масқара етейін деген екен. Әкелік парыз-сарыз деп, ана сұм молда екеуімізді жазғырып жүрер. Алдын алып, молданың кеңірдегін майлайық. Шарифатының белшесінен бір-ақ бассын» — дейді олар.

Сөйтеді де, құйрығы кара қазандай сек қойды жетелеп молдаға келеді.

— Молдеке, әкеміз қартайған шағында бәле қуып жүр. Қолында кенже ұлы бар, асырасын сол. Біздің өз бала-шағамыз бар, — дейді олар мәймөнкелеп.

Семіздіктен жүре алмай тұрған сек қойға жымын-жымын етіп көз тастаған молда, сақалын сипап, таспығын тартып:

— Оларың рас, оларың рас! Қартайған ата-ананы кенже ұлы асырасын деп шарифатта айтылған, — дейді.

Көңілдері жай тапқан Әребай мен Сәребай, осы кезде үйге кіріп келген әкелеріне қыр көрсете шыға жөнеледі.



Құр қол келген Сәлімді көрген молда сұстана қалып, оның сөзін қабақ шыта тыңдайды.

— Сен, шал шарифатты бұзғын кеп жүрген дінсіз екенсің,— деп ұрсады ол,— үлкен балаларың ұшырған құсқа тән. Қайтып қолыңа қонбайды. Сені ата-ананың ақ сүтін адақтаған кенже ұлың асырауы керек. Шарифаттың заны солай.

Мұны естіген Сәлім шал қайран қалып:

— Менің кенжем Керейбай бар болғаны 9 жаста. Буыны бекімеген жас бала қалай асырамақшы мені,— деп сұрайды.

— Ол жағын шарифат айтпаған,— дейді молда қол сілтеп.

Молданың да, ағаларының да қылықтарын аңғара қойған Керейбай, әкесінің жеңінен тартып далаға шығады.

— Әке, қамықпа, мен сені асыраймын,— дейді ол далаға шыққан соң.

— Талабыңнан айналайын, балам-ау, сен әлі жассың ғой, қалай асырамақшысың? — дейді кенжесінің ізгі ниетіне риза болған қарт әке.

— Рас, бейнет істеуге мен әлі жаспын. Бірақ, айла қылуға әлім жетеді,— деп жауап қатады Керейбай.

Керейбай осыны айтып, әкесін үйіне жіберіп, өзі салып отырып ағаларына келеді.

— Мені әкем жіберді,— дейді ол.— Мен қартайдым, қажыдым. Талай жыл еңбек қылып, тиындап жинаған бір құмыра алтыным бар. Балаларым жәрдем етпесе, сол алтынды талшық етемін,— деп отыр әкем.

Мұны естіген Әребай мен Сәребайдың көздері атыздай болып, жайнап сала береді.

— Сен, бала, шын айтып тұрсың ба? — деп ежірейеді олар.

— Рас,— дейді оған Керейбай міз бақпай.

— Ол алтыны қайда жатыр ендеше?

— Алтыны көмулі. Көз жұмар шағыма жеткенде ғана айтамын. Мен өлген соң молданы шақырып, өзара бөлісіп аларсындар,— деп отыр.

— Сен, бала, байка! — дейді ағалары,— Егер мұның өтірік болса, көресінді бізден көресін.

Сол күннен бастап, Әребай мен Сәребайдың әкеге деген көзқарасы кілт өзгеріп, енді олар қартайған шалды төбесіне көтеріп күте бастайды. Қазы-қарта деймісін, жал-жая деймісін, небір дәмді тағамдар шал дастарқанына толалы. Сәлім қарт кенже баласы Керейбайдың тапқырлығы арқасында өмірінің ақырына дейін жоқшылық көрмей өтеді.

Мезгілі жетіп, бір күндері Сәлім шал дүние салады.

— Ал, бала, әкеміздің алтыны қайда? Бөліселік,—



дейді, әкелерінің өлгеніне қуанып қалған Әребай мен Сәребай.

— Мына жерде, — дейді Керейбай босағаны нұсқап.

Әребай мен Сәребай жалма-жан қара жерді қаза бастайды. Керейбай айтқандай, әлгі жерден шынымен-ақ балшық құмыра шыға келеді.

— Е-е, әкеміз шын айтқан екен, — деседі, қуанып қалған Әребай мен Сәребай, — кел, енді бөліселік.

— Жоқ, бұлардың жарамайды, — дейді оған Керейбай наразы болып, — әкем молдаға бөлгізіндер деген еді. Молданы шақырайық.

Алтынды молда түгіл Керейбаймен де бөліскісі келмей тұрған Әребай мен Сәребай, бұған амалсыз тоқталады.

— Келсін, пәтуәсіз молда, — дейді олар қынжылып.

Алтының дақпыртын естіген молда жан ұшыра жетіп келеді.

— Әп бәрекелді, балаларым, шаригаттың заңы бойынша, бұған бәрің де ортақсындар, — дейді ол, балшық құмыраға жымың-жымын етіп қарап. — Бірақ, сендер алдымен мұның ішінен алла тағаланың үлесін беріңдер.

— Қалай береміз? — дейді тұнжыраған Әребай мен Сәребай.

— Е-е, оның жолы оңай, — дейді молда қутындап, — сендер мына құмыраның аузын ашып, менің басымнан төмен қарай алтынды төгіндер. Алла тағаланың жердегі уағыздаушысы мен. Маған жабысқаны алла тағаланікі де, қалғаны сендердікі.

Сөйтеді де, ортасы шұңқыр боп оралған сәлделі басын тосып тұра қалады. Алтынды әлі қимап тұрған Әребай мен Сәребай сәл қипақтаған еді. Бірақ, Керейбай құмыраны жұлып алып, оның ішіндегіні молданың басына ақтара салады.

Алтын деп ойлап, тұра ұмтылған Әребай мен Сәребай құмырадан тәгілген сиырдың кешкен жапасы мен қой-ешкінің қиын көріп, сөз таппай қалшыя қалады.

— Сен бала бізді алдапсың! — деп дүрсе қоя береді ол екеуі Керейбайға. — Алтын деп бөк көміпсін. Жазалаймыз сені.

Бұл кезде өсіп қалған Керейбай ағаларына әл бермей, тіресіп тұра қалады.

— Сендер ақмақсындар, — дейді ол ана екеуіне, — бұл құмыраға о баста алтын салынғанын, ол жата-жата бөкқа айналғанын неге түсінбейсіңдер.

— Есі жоқ-ау, алтын да бөкқа айналуды ма еді?

— Неге айналмасын? Көп жағдайда алтын түгіл, жанан адам да бөкқа айналып кетеді. Мысалы сендер. Сендер де бала кездерінде алтындай ыстық, балдай тәтті едіңдер. Әкем байғұс сендерге қараған сайын көзі тоймай, скеуінді бақ пен дәулет көреді екен. Ал, сендер өсе келе бөкқа айналып, ата жақсылығын ұмыттыңдар. Туған әкені қаңғыртып жібердіңдер. Адам баласы осылай еткенде, қара жерге көмілген алтын қалай өзгермесін.

Керейбайдың сөзінде жатқан әділдікті сезген Әребай мен Сәребай ләм деп жауап қата алмапты.

Тапқыр Керейбай мейрімсіз ағалары мен зәлім молдадан осылайша кек алған екен.

О. Бодықов.

ЖАС ТАЛАПТАР ТВОРЧЕСТВОСЫ

БӨЛМЕДЕГІ ЖАҒАЛЫҚ

Болатын бөлме көңілсіз,
Келеңке тұрып әр маңда,
Қараушы едім тек үнсіз,
Түтіні шыққан май шамға.
Әр кезде ол жанатын,
Сығырайып күңгірт боп.
Үрлесен өшіп қалатын,
Үй қараңғы жым-жырт боп.
Бүгін үйдің жанына,
Орнатты әкем қарағай.
Жарық боп сым жанды да,
Май шам қалды жарамай.

Т. ИМАНБЕКОВ.

ШӘКІРТИМЕ

Жеті жасқа шықтың да,
Мектебіңе келдің сен.
Тұңғыш рет қаламды
Қолыңа ұстап көрдің сен.

Тұңғыш рет кітаптың
Бетін аштың, қарағым.
Тұңғыш рет өмірге
Ойлы көзбен қарадың.

Тұңғыш рет өзіңнің
Еңбегіңе баға алдың.
Тұңғыш рет жүрегі
Лүпілдеді анаңның.

Өс, шәкіртім, білім ал,
Жалғастыр әке ұлы ісін.
Октябрьдей күні бар,
Бақытты елдің ұлысын.

Д. БЕКТАСОВА.

Оқытушы.

МЕКТЕБІМ

Сылаңдап сұлу жас бұлақ,
Ағады неге тоқтамай.
Шыңдардан сонау тас құлап,
Жүзеді неге көкте ай!
Осының бәрін үйрендім,
Жалықпай он жыл өзіңнен.
Көңілге отты күй бердің,
Лениндей дана сөзінен.
Аяулы анам — мектебім,
Біліммен мені тербеттің.
Аулаңа жас тал өккемін,
Сол талдай өсіп ержеттім.

М. ЖЫЛҚАЙДАРОВ

ӨРМЕКШІ ТОРЫ

Жоғары, төмен өрмелеп,
Тор тоқыды өрмекші.
Торы тіпті әдемі,
Тоқығандай өрнекші.
Маса, шыбын, шіркейді.
Құрған торым-қармады.
Өзімнен-ақ ендігі,
Құтылмайды қалғаны.

Т. ҚОШҚАРБАЕВ.

МІШ-МІШІМ НЕГЕ ЖАМАН?

Мамасы көршінің үйінен мысықтың кішкентай баласын алып келгенде, Ақлима қатты қуанды. Тіпті үйдің ішінде олай-бұлай секіріп-секіріп алды.

— Бұл енді менің мысығым болады. Қараңдаршы, қандай аппақ. Өзім сүт беріп асыраймын, нә мама, — деп бауырына қысты.

Осыдан былай Ақлима мысықтың баласын қолынан әсте тастамайтын болды. Тамақ ішкенде алдына алып, ұйықтағанда қойнына жатқызатын. Далаға ойнауға шыққанда оның мойнына жіп тағып, жетектеп жүрді. Бір күні Ақлима кереуеттің үстіне шығып алып, мысықты қолымен көтеріп тұрып жерге тастап жіберуді де үйренді. Сонда бала мысықтың арқасын жерге тигізбей еденге төрт аяғымен дік ете түсетініне риза болып қалатын. Біраздан кейін мысықты өзінің кішкентай орындығына жегіп, оның үстіне бар ойыншығын жинап салды. Бірақ бұл жүкті ол қайдан тарта алсын. Ақлима жіптен ұстап алып, өзі сүйреді. Сонда жіңішке жіп мойнын қысып, мысықтың қылқынып қырылдағанына ол мәз болып күлетін.


Мұндай укалау мен жұлқылауға жас мысық қалай шыдасын. Аз күнде үлпілдек жүн-

ді әп-әдемі ақ мысық ұйпа-тұйпа, қара кожалық болды да қалды. Екі көзі кілбиіп, бұрынғыдай асыр салуды да ұмытты. Мысығының бұл түрін жаратпаған Ақлима:

— Мама, менің міш-мішім неге жап-жаман болып кеткен? — деп сұрады.

— Ол мысық та сен сияқты буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас бала. Жас кезінде мен сені бағып-қакпасам, дұрыс тәрбиелемем, сен де сондай жаман боласың, — деді мамасы.

Ж. Мусин.



АБАЙ ТУРАЛЫ

(Байторын Балғабай қарттың естелігінен)

Әлі есімде, 12—13 жастағы бала кезім болатын.

Абай, Ысқақ ауылдары қатар отыратын. Әкем Ысқақ ауылының қойын бағатын еді.

Ол кездегі ауыл балалары тай, құнанға мініп жарысқанды, ауыл қыдырғанды әуес көретін.

Әкем бір күні Абай ауылының жылқышысы Сәрсенбайдан маған да бір тай сұрап әперді. Тайды алу үшін, ертемен жылқы өрістен суға келгенде, мен де құдық басына бардым. Сәрсенбай қысырдың бір арда емген үйретілмеген сары тайын ұстап, жабу салып, әрі бері шауып келіп, мені мінгізіп қоя берді. Мен тайдың басына не бола алмадым. Тай оқшау тұрған Абайдың үйіне қарай ала қашты. Әлі ендігі басылмаған асау тай үйге сүйкенер-сүйкенбес өте бергенде, үй ішінен Абай:

— Ау, бұл кім? — деді. Қалай аузыма түскенін өзім де аңғармай қалдым:

— Байторының Балғабайымын, — деп өте шықтым.

Ауыл тұрғанша тайды үйретіп кел, терін бассын деп желі басында отырдым. Сол кезде:

— Сені Абай ағам шақырады, — деп, біреу мені Абайдың үйіне ертіп келді. Абай жылқышырап, бірден шайға отырғызды. Мен жайлап тамақ ішін болған соң, Абай:

— Сен бағана не дедің? — деп сұрады. Мен тағы да қысылыңқырап:

— Байторының Балғабайымын дедім, — деп жауап бердім.

Абай менің жауабыма разы болып:

— Кейбіреу ондайда «мен» дейді. Оның «менінің» кім екенін қайдан білеміз. Әр уақытта осылай дұрыс жауап беру керек, — деп басымнан сипады, — дейді қазір жетпіске келген Балғабай қарт, ұлы ақынның кішігірім болса да, тәрбиелік мәні бар ойда қаларлық орынды айтқан ақылын еске алып.

Х. Төлеухасымов.

Семей облысы, Абай ауданы.

Алмалы

С ай ы н да



(Аңшылық туралы әңгімелерден)

Күн көтеріле үш салтатты Демікпенің биік төріне шықты. Ақ көбікке малынған аттар ауыздығын шайнап, бүйірін соғады. Жақпар тастарды жыланша айналып, ирелендеп жатқан ескі соқпақ Алмалы сайына қарай құлап барады. Табанына әртүрлі ағаш өскен үлкен сай алыстан жасылданып, маңындағы жалаңаш тастар сұрғылттана жалтырап, сиқырлана құбылады. Қызыл-жасыл гүл шоқтары көк шалғынның ортасында құлпыра жайнайды. Тау жотасы толқыған егін.

Үш салт аттының ортасындағы қара торы жігіт биноклімен сай аңғарынан ештеңе кездестіре алмағанына өкінгендей бұйра шашын қайта-қайта сипап, оң жақтағы аңшыға әлденелерді ымдайды. Аңшы басын изеп, сай жақты нұсқайды. Артта келе жатқан Төлеубек ештеңеге түсінбей, Жирентөбелдің тізгінін тежеп, айналаға көз тігеді.

Сай табанындағы жалғыз аяқ жол сылдыры мол тау бұлағын жағалап, қалың ағашқа қарай ойысып жатыр. Жол шетіндегі сандық тастар қопарылып, күмырысқа илеулері шашылып қалған. Май табан аюлардың дөрекі ізі көк шалғынды жапырып, бүлдірген іздегендігі байқалады.

Тау өзенінің үлкен сұрша торғайы ағаш бұтағына секіріп қонып шиқылдайды. Тотықұс тұмсығымен жүнін тарап, құйқылжыта әнге салады.

Түс кезінде сайдың самал желі еспей, ауа қапырықтанып ысып кетті. Жартас жалын шашады. Көкторғын ағаш шымылдығының ғажап көркі өзгермесе де, ондағы әнші құстардың үні өшті. Олар жанға сая іздеп, қалыңның түкпіріндегі салқын көленкеге кеткенге ұқсайды. Ағаш арасы қанша шиырланғанмен, іздеген аң кездеспеді. Аңшылар сайдың басына шығып, екінші бір еңіске еңкейгенде омартаның үстінен кеп түсті.

Төрт қатар көше болып тартылған бал шелектері қала макетін елестетеді. Пәрәнжіге ұқсас торлы қалпақ киген екі-үш адам түтіндерін будақтатып, әрбір шелектің қызыл шатырлы қақпағын көтеріп бал рамкаларын қарастырып жүр.

Салтаттылар омартаға жақындағанда, аттар құйрығын көтеріп, оқырына шыбындай бастады. Құрметті қонақтарды аралар қарсы алса керек. Жасқанбақ боп қимылдаған сайын аралар жабыла түседі. Төлеубектің көзі жұдырықтай боп ісіп кетті. Егер омарташы қарт келіп, қонақтарды сай табанындағы көленкеге түсірмегенде, аңшылар арадан келісіп тұрып таяқ жейтін еді.

— Ата, мына шыбындарың тегі түтіп жер! — деді Төлеубек, жайласып отырғаннан кейін, көзі сығырая, езу тартқан болып.

— Мойынында мылтық, неге атпадың? — деп шал да жымыды.

Әңгіме үстінде аңшылар қарттан:

— Омартаға аю келмей ме? — деп сұрады.

— Бұрын келмеуші еді. Бүгін түнде келді.

— Қай жақтан? — деп аңшылар елең ете қалды.

— Қай жақ дері бар ма. Түн ортасы ауған мезгіл. Итім үріп болмаған соң, далаға шықсам, ай туыпты. Ай мына шыңның ар жағында тұр да, омарта осы шыңның көленкесінде қалыпты. Ит өршелене үріп, омартаның ортасында жүрген сияқты. Бұдан бұрынғы түндерде бірнеше рет борсық соққаным бар. Тағы да Бөріалам борсық ұстаған екен ғой деп, таяғымды алып, түнгі шыққа қарамай, жалаң аяқ тұра жүгірдім. Ит дауысы шыққан жаққа келсем, гуілдеп ұшып жүрген аралар. Түнде араның ұшпайтыны өзіме белгілі. Бір сұмдықтың болғанын сезіп, жүрегім су ете түсті. Көзімді ұқалап жіберіп, бағдарлап қарасам, үш аттам жерде, бірдеме дөнкііп қарауытады. Анық

тап қарасам, аю екен. Қолымда таяқтан басқа түк жоқ. Алғашқыда сасып қалдым. Итім мені арқа тұтып, аюдың қасына жетіп барып, тақымынан бір жұлқып өтті. Сол кезде аю шұғыл бұрылып, мені көрді де, тауға қарай зыта жөнелді. Итім біраз жерге қуып барып, қайтып келді. Үш бал шелегін қиратып кетіпті. Бүгінгі аралардың уыттанып жүрген себебі де содан,— деді қарт.

Күн еңкейе аңшылар Қарағайлы, Теректі сайларын сүзіп, Алмалыға түскенде, бір балаға жолықты. Оның екі көзі адырайып, қорыққандықтан буындары дір-дір етеді. Жүгіре-жүгіре өкпесі өшіп, әбден сілесі қатқан. Аңтығып демін зорға алады. Денесінде сау тамтық жоқ. Тікендер жыртып-жыртып кетіпті.

— Кім баласысың?

— Ар-на-й-дың...

— Қай Арнайдың?

— Қой-шы Ар-на-й-дың...

— Мұнда не ғып жүрсің?

— Қозы бақ... аю! — деп бала арт жағындағы құлама жартасқа үрейлене қарады.

Тас түнере түсіп, мелшиіп тұр. Кешкі күннің қызғылт сәулесі тас бетін қызыл қанға бояғандай.

Шанашбай мен Қасымхан аттарын Төлеубекке тастап, бала меңзеген қалың ағаштын тасасына кіріп жоқ болды. Аңшылар мылтығын кезеп, бір басып, екі басып тың тыңдайды. Өз аяғының сыбдырына, кездейсоқ сынған бұтақтың күтіріне де елең ете түседі. Ешқандай сыбыс естілмейді. Қатар жүріп келе жатқан екі аңшының көзі бір уақытта шөп арасында өліп жатқан қозыға түсті. Ана жерде де, мына жерде де қылжиып жатқан қозылар. Сөйткенше болмады, маңыраған қозының дауысы естілді. Аңшылар сол жаққа көз жүгіртіп, құлақ түргенде, бір аю шыға келіп, Қасымханды бас салды. Аңшы атуға үлгіре алмай, ұстаса кеткенде, аю оны алып соқты. Қасымханның жығылған жері қиялау жер еді, сондықтан аюдың астынан сусып шырып кетті. Аю қайта ұмтылғанда, Қасымхан жақпар тастын

ойпан жеріне жата қалып, мылтық ілмегін тартып қалды. Аюдың ақырған дауысы жеркөкті күңдірентті. Қасымханның иығынан шап беріп ұстаған жаралы аю айырылар емес. Аңшының оң жақ қолы ұйып, төмен түсіп бара жатқандай. Жапталас арпалыс



кезінде тағы да екі рет атылған мылтық дауысы естілді. Бірақ аю Қасымханды еңсеріп әкетіп барады. Үстін зілдей ауыр салмақ басып, көзі қарауытқан тәрізді. Сол кезде барып Қасымханның қанжары есіне түсті. Ақырғы күшін жинап, белдігіндегі қанжарын зорға дегенде суырып алды. Үстінде аласұрып төңселіп жатқан аюдың өкпесіне болат қанжарды тірей қойды. Қанжар қадалған жеріне кірші ете түсті де, аю ойға қарай домалап кетті. Қасымхан есін жиып орнынан тұрса, Шанашбай тағы бір үлкен аюды жайратып тастапты.

А. Махмұтов.

САҚАЛШЫЛ БАЛА

Мазасыз еді кішкентай Ысқақ,
Атасының сақалын ұстап,
Саусағымен салалап тарап,
Қызықтап біраз отырды қарап.
Үлбірек сақал ақтылы-көкті
Ысқаққа әйбей көрініп кетті.
Байқады ол сипап өзінің бетін,
Таппады түк те қолға ілігетін.

«Бұл қалай!» деп қалды да ойға.
— Ата,— деді,— сақалым қайда!
— Не дейді мына патшағар, шіркін,
Сақалы несі, бар, далаға ойна!
Шыңғырды Ысқақ ызасы кернеп:
— Сақалыңның жартысын бер! — деп

Ш. СМАХАНОВ

ПАЙДАЛЫ ЖҰМЫС

Осы бір кең бөлмелер ішіне кірсең, аралап жүре бергің келеді. Қатар-қатар қойылған торлар ішінде әртүрлі торғайлар шикылдап, бір бұтадан екінші бұтаға ұшып, қонып жүр. Үлкен көздерімен кейде бадырая қарап, кейде қалғып кетіп үкі мен жапалақтар отыр. Ақ үйректер мен қаздар тұмсықтарын қауырсындары арасына тығып жатыр. Тиіндер сахнада өнер көрсетіп жүрген акробаттар тәрізді түрлі қимылдар жасайды: жоғары секіреді де, аяқтарымен дік-дік айналып түседі. Ақ, сұр қояндар

басқа балалар мен қыздар жем салынған ыдыстарды аты аталған құстарға, аңдарға жеткізіп жүр...

Жас зоологтер өз қарауларындағы хайуанаттарын жемдеп, тор ішін тазалағаннан кейін, әдеттегідей, күнделіктерін алып, стол, орындықтар қойылған екінші бір бөлмеге келді. Кешікпей-ақ күнделіктердің бетіне әртүрлі жазулар түсе бастады:

«Бүгін ауа райының суықтығы 23 градус. Сыртқа, суық жерге күтімге қойылған «русский горностаевый» үкі, қояндар мен кішкен-



бөлме ішінде сылдыр естілсе-ақ болғаны, құлақтарын қайшылап, тор аузына шоқактап жетіп келіп, тұра-тұра қалысады. Қатар қойылған екі торда ұзын мойындарын жарыстыра созып, тырналар мен көкқұтаңдар тұр. Тау қыраны бүркіт осы станциядағы құстардың менен мықтысы жоқ дегендей, анда-санда даусын көтеріп шаңқылдап қояды. Түлкілер торлардың түкпір жағында көздерін бақырайтып жатыр.

...Жана, әлгіде, аулаға кірген мектеп оқушылары көп кешікпей-ақ жұмысқа кірісті. Хайуанаттарға жем үлестіру бүгін Марат Алтынбаев пен Боря Люценконың үлесіне тиіпті. Таразышы балалардың дәл алдында әрбір құсқа, хайуанатқа берілетін рационның түрлері, мөлшері жазылған кесте тұр. Таразышы балалар:

— Мынау Димкаға, Машара, Ласточкаға, Красавицаға,— деп үлес бөле бастады. Ал,

тай көжектерге көк шөп, жүгері берілді. Көжектердің жүні қалың болып өсіп келеді. Өте ширақ, ежелерімен бірге шөп жеді»,— деп жазды 4-класс оқушысы Шауқат Мұхамеджанов.

«Бүгін Мишка мен Мартаға бидай берілді. Оны, әсіресе, Миша құмарта жеді. Ол жемнен кейін аула ішінде жүгіріп, секіріп ойнады. Шамиль Ишмұхамедовты шегініп келіп сүзбек болды. Мұнан кейін ол қояндар тұрған торлар жанына барып, тор арасынан шөп суырып жеуге ыңғайланды»,— деп жазды күнделікке, еліктерді күтуші Эдик Денисов.

Жас зоологтерге күнделіктерін толтыруды тапсырып, шығып кеткен үйірме жетекшісі, орта жастардағы әйел Наталья Андреевна Святова жолдас көп кешікпей-ақ қайта оралды. Бұл жолы ол қолына сыртына адресі жазылған бір хат ұстап келді.

— Жазып болған шығарсындар. Енді біз кішкене жиналыс өткізелік. Біздің станцияға хат келіпті. Оны Бородулихин ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозындағы жетіжылдық мектептің бір топ оқушылары жазыпты,— деп хатты оқи бастады:

«Біздің мектептің оқушылары елімізде мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіруге үлес қосуды мақсат етуде. Осы мақсатпен біз мектебіміздің жанынан қоян және үй құстарын өсіретін жас зоологтер үйірмесін құруды көздеп отырмыз». Онан әрі мектеп оқушылары жан басына ет, сүт және мал өндіруде таяудағы жылдар ішінде Америка Құрама Штаттарын қуып жетуге үлес қосудан шет қалғылары келмейтіндіктерін баяндапты. Сөйтіп, құс, қоян өсіру арқылы мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін өткізу ісіне қатысатындықтарын білдіріпті. Осы мақсатпен олар Семейдегі жас натуралистер станциясынан қоян, тауық, үйрек тұқымдарын беруді сұраған.

Мектеп пионерлерінен келген осы хат балаларға көп ой салды. Олар станция қызметкерлерімен ақылдаса отырып, мектептерге көмектесуді орынды деп тапты.

— Олай болса,— деді Наталья Андреевна,— біз мектептерге қанша қоян, қанша тауық, үйрек және қаз өсіріп беретіндігіміз туралы келісіп алуымыз керек. Қоян, тауық, қаз, үйрек өсірушілер жазға дейін қанша балапан, көжек өсіретіні туралы міндеттеме қабылдап, оны орындауға келісуі қажет.

Бұл туралы алғашқы сөз 10-мектептің оқушысы Шауқат Мұхамеджановқа берілді.

— Менің қарауымдағы Димкадан 4 көжек алынды. Жазға дейін тағы да екі рет көжек алынады. Келесі жылдың аяғына дейін Димкадан 25 көжек өсіріп, мектептерге беруді міндетіме аламын,— деді ол. Сөз енді Марат Алтынбаевқа берілді.

— Біздің үйірменің мүшелері облыстық ауылшаруашылық көрмесіне өз экспонаттарын апарды. Оның ішінде қоянның жүнінен тоқылған биялай, ұйық, көкірекше сияқты киімдер де болды. Міне, осының өзі-ақ қоянның еті ғана емес, жүні де, терісі де пайдалы екенін көрсетеді. Біз көрмеде мал мамандарымен кездестік. Олар бізге 750—800 грамм

қоян еті бір килограмм мал етінің есебіне өтетінін айтты. Мұның үстіне, 250—300 грамм қоян жүні бір килограмм қой жүнінің орнына өтетінін де білдік,— деп салмақпен сөйлей бастады. Ол осы жылы әр қояннан 23—25 көжек өсіретінін білдірді.

Жас натуралистер, станцияның мүшелері осы жиналыста келесі жазға дейін 40-тан астам мектептерге қоян тұқымдарын, ал, 70 мектепке тауық, үйрек, қаз тұқымдарын өсіріп беруге міндеттеме қабылдады. Олар мектеп пионерлеріне хат жазып, үй қояндарын, суда жүзетін құстар, тауық өсіруге, сөйтіп, елімізде мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіруге үлес қосуға шақырды.

Қазір жас зоологтер өздерінің бұл міндеттемелерін жүзеге асырудың жолдарын белгілеп, сабақтан бос уақыттарында станцияда қызықты жұмыстар жүргізеді. Мұнда қояндарды суық жерде өсіру іске асырыла бастады. Қазір ашық ауладағы торлар ішінде, мектептерге берілетін ондаған көжектер өсіріледі. Тауық, үйрек өсіруші пионерлер жазға дейін инкубаторға 300-ге тарта жұмыртқа өткізіп, тауық, үйрек балапандарын алуға, оны мектептерге өсіріп беруге міндеттенді.

* * *

Жас зоологтердің бірсыпырасы жас техниктер үйірмесінің мүшесі екен. Олар станциядағы қояндар, көгершіндер, теңіз шошқаларына арнап бірнеше торлар жасады.

Зоотехникалық-мал дәрігерлік институтында болып, құстардың, хайуанаттардың анатомиясымен танысты. Мұнан кейін олар өздерінде тәжірибе жұмыстарын жүргізді.

Жас зоологтер үйірмесінің мүшелері класста алған теориялық білімдерін тәжірибемен тығыр ұштастырудың нәтижесінде сабақ үлгеруін жақсартта түсуде.

— Осы үйірмедегі 45 оқушының тең жартысынан артығы оқу озаттары,— дейді үйірме жетекшісі, 4-мектептің мұғалімі Наталья Андреевна Светова жолдас.

Жас натуралистер алдағы уақыттарда да қызықты жұмыстар жүргізіп, білімдерін тәжірибемен ұштастыра береді.

Ө. СМАҒҰЛОВ.

Семей қаласы.

ОЗАТ ОҚУШЫ


Август айының бас кезі еді. Бір шаруам болып, жеті-сегіз шақырым жердегі сиыр фермасына бардым. Бір топ бұзауды қайырып келе жатқан 12—13 жасар бір қара торы қыз бала кездесе қалды. Бұл — біздің мектептің оқушысы Жүсіпова Алтын еді.

Алтын — еңбекте де, оқуда да озат болып көпшілік көзіне түскен ойықыры бірдей оқушы. Онымен бірге үй шаруашылығына қандай қолқабыс тигізеді десеңші. Шешесі таң сәріден сиыр фермасына кетеді де, Отан соғысының мүгедегі — екі көзі су қараңғы әкесіне, кішкентай інісіне, кәрі әжесіне тамақ даярлау, қамқорлық жасау Алтынның міндетіне қалады. Мектепте ән-би үйірмесінен де қол үзбейді. Мереке күндері сахна төрінде сызылтып ән салатын да осы Алтын. Тіпті бәрін қалай үлгіреді деп таңданарлық. Бірақ, күнделік режимді дұрыс сақтап дағдыланған оқушыға еш қиындық жоқ. Алтын былтырғы жылы 5-классты үздік бағамен бітірді. Мектеп дирекциясы өнегелі, үлгілі озат оқушы Жүсіпова Алтынды Қырымдағы Артекке жіберді.

Быылғы жылы да оқу озаттары Артекке барып дем алмақшы.

О. ЖАҚЫПОВ

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы.



ДҮКЕН АЛДЫНДА

Мен Пушкин көшесімен кетіп бара жатырмын. Бағытым 12-қазақ орта мектебі. Пушкин көшесі мен Киров көшесінің бұрышындағы нан дүкенінің қасына таман жақындағанымда, қолында торға салған наны бар бір қарт ана дүкеннен 100 қадамдай жерде әлденені іздеп, дегбірсізденіп жүр. Мен бейтаныс шешейге таңырқай қарап жақындағанымша болған жоқ, ол кісінің ту сыртынан мойнында галстугі бар бір кішкене бала: «Шешей, мына бір зат сіздікі ме?» — деп бір түйіншек шүберекті ұсынды. Мен енді ғана түсіндім. Қарт ана дүкеннен шыға беріп орамалға ораулы 100 сомдай ақшасын түсіріп алыпты. Мына түйіншек сол болып шықты. Баланың аты Марат екен. Сүйсінген қарт ана оның кепкасын көтеріп маңдайынан сүйді. «Өркенің әссін, балам! Бақытты бол!» — деп алғыс айтып, арқасынан қақты.

Мен де Мараттың адалдығына қатты разы болдым.

Ә. МҰҚАШЕВ

Алматы.



Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Алматыда Ленинге қойылған ескерткіш» деген суреті, соңғы бетіндегі К. Барановтың «Апрель» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журнала «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 8/III 1958 г. УГО1783. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 38172 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры. КазССР.
Заказ № 410.



Фемалыс УАҚЫТЫНДА



СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Түйе бір сусындағанда, елу литр суды бір-ақ ішіп қояды, ал одан соң екі жұмадай су ішпестен шөлге шыдай береді.

Шыбынның күйтақандай аяғына 50 мыңдай микроб жабысып жүре алады.

Адамның өкпесінен минут сайын 10 литр ауа өтеді, ал, тиіс жүйе түссе, ауаның мөлшері одан да көп, 30 немесе 40 тіпті 60 литрге жетеді. Сонда тәулігіне бір адам 15—20 мың литр ауа жұтады екен.

Құстар ащы, тұщы дәмді жақсы ажырата алады.

Құстың ең көрегені — сұңкар. Ол бір километр қашықтықтан титімдей жәндікті де көре алады.

Құстардың ішіндегі жүзгіші — пингвин. Ол сағатына 30 километрге шейін жүзе алады.

Табылған қазба қалдықтарға қарағанда, ерте замандағы құстардың тісі болған екен, ал қазіргі дәуірдегі құстардың тісі жоқ екені мәлім.

Дүние жүзіндегі ағаштардың ең үлкені — баобаб ағашы. Оның адамға келтіретін ешқандай пайдасы жоқ. Баобаб, ең арғысы, отқа да жанбайды.

Британ аралының өзі үлкенді-кішілі бес мың аралдардан құралған.

Жер шарындағы ең үлкен түбек — Араб түбегі.

ШЕТЕЛ ЮМОРЛАРЫНАН

Шешесі: — Пьер-ау, мен саған құрбыларыңмен төбелеспе дегенім қайда, міне енді тағы да екі тісіңнен айрылыпсың.

Пьер: — Жоқ, мама, мен тісімнен айрылғаным жоқ, міне, тісім қалтамда.

Поль: — Ойпыр-ай, Жан-ай, сия ішіп қойыппын, енді не істеймін?

Жан: — Олай болса, енді тез, сарғыш жұтып жібере ғой!

Поль мектепке кешігіп келеді.

Оқытушы: — Сен неге осынша кешіктің? — деп сұрайды.

Поль: — Мен жолда: «Ақырын жүр» — деген жазуды көрдім де, ақырын жүріп келдім, — дейді.

«Пионер» журналының 1-санындағы әдеби чайнвордтың жұмбақтардың жауаптары

ӘДЕБИ ЧАЙНВОРД

1. Гайдар.
2. Роман.
3. Намыс.
4. Сәбит.
5. Тасқын.
6. Нағандық.
7. Қыс.
8. Сәуле.
9. Ертек.
10. Крылов.
11. Вадим.
12. Мейрам.
13. Махамбет.
14. Тенеу.
15. Уалиханов.
16. Ванька.
17. Алпамыс.
18. Саин.
19. Некрасов.

ЖҰМБАҚТАР

1. Ат.
2. Сиыр.
3. Тышқан.
4. Қасқыр.
5. Түлкі.
6. Тотықұс.
7. Көкек.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Терлікбаев Ж. (Жамбыл облысы, Шу ауданы), Жақсылықов Т. (Тереңөзек станциясы), Пірманшаев М. (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы), Сағатов Т., Айтжанов Е. (Казалы станциясы), Қаппаров Ә. (Қызылорда облысы, Шиелі ауданы), Алшынов М. (Жамбыл облысы, Луговой ауданы), Сәбитов М. (Алматы облысы, Бақанас селосы), Назарова Р. (Жамбыл облысы, Шу ауданы).

ЖҰМБАҚТАР

1. Шидиген ұзын сирағы, Тастай көрең құлағы. Сөйтіп жүріп көп жерге Аспалы торлар құрады.
2. Ана беттен бір ұрды, Мына беттен бір ұрды. Апам ұра берген соң, Аппак тозан күйылды.
3. Зырлайды күшік, әжемнің Қолынан сүйек кеміріп, Құн асқан сайын ақ күшік Барады мүлде семіріп.

Н. БАЙСЕРКЕЕВ.

Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалағаш селосы.

Корек тілер аузы жоқ,
Сонда да су ішеді.
Астына от жақпай-ақ,
Күн нұрымен піседі.

Ө. ЖАППАРХАНОВ.

Қызылорда облысы.


Қақпақсыз қазан көрдім
тұтқасы жоқ,
Балықтап басқа ішінде түк те
асы жоқ,
Астына от дүрілден жанбаса
да
Бетінде будың бұлақ шудасы
көп.

О. ӘУБӘКІРОВ.

КРОССВОРД

ТІГІНЕН:

1. Балық.
2. Планета.
3. «Полк Баласы» повестіндегі кейіпкер.
4. Жазғы жорық.
7. Тыңайтқыш.
9. Америкадағы мемлекет.
11. Қатты зат.
12. Каспийге құятын өзен.
13. Азиядағы мемлекет астанасы.
19. И. А. Крыловтың туған жылы.
20. Н. А. Некрасовтың туған жылы.
21. М. Горькийдің романы.
23. Ұсақ қара малдың төлі.
24. Математикалық термин.
28. Европадағы қала.
30. Қысқы киім.
32. Каспийге құятын өзеннің саласы.
33. Европадағы өзен.
34. Шалшық жер.
36. «Шын» деген сөздің синонимі.
38. Мезгіл.



КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

5. СССР астанасы.
6. Кемірушілер тобына жататын тышқан.
7. Африкадағы қала.
8. Орыстың ұлы суретшісі.
10. АССР.
14. Африкадағы қала.
15. Сайман.
16. Шығыс Европадағы өзен.
17. Планета.
18. Мереке.
21. Түс.
22. Африкадағы өзен.
24. Қазақтың ақыны.
25. А. С. Пушкин туған жыл.
26. Абайдың туған жылы.
27. Ылғал.
29. Сүме.
31. Кавказдағы өлке.
24. Ток өткізгіш.
35. Түйе.
37. Азиядағы өзен.
38. Асыранды құс.
39. «Дон-Кихот» романының авторы.

Құрастырған Е. СӨРСЕНБАЕВ.

Жамбыл облысы,
Луговой ауданы.

БАҒАСЫ 1 ҚОМ.





ПИОНЕР

№ 5 МАЙ 1958
АЛМАТЫ



Рейхстаг үстіне тігілген қызыл жалау.